Сыр бойы

№103-104
(20177-20178)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

10 шілде, сенбі 2021 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz

www.facebook.com/syrboyi.kz/ www.instagram.com/syrboyi_kz https://twitter.com/syrboyi t.me/syrboyi_kz

5 Су шаруашылығының шежіресі

6 Ақ жауын сынды төпелеп...



7 Орманға қорған болған



8 “Жат жерде Отанның, ананың қадірін түсіндім”

ПРЕЗИДЕНТ

Қазақстан БҰҰ-ның мақсаттарын қолдайды

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасы Волкан Бозкырмен кездесу өткізді.

Кездесу барысында Қазақстан мен Біріккен Ұлттар Ұйымы арасындағы ынтымақтастықтың басым бағыттары талқыланды. Пандемияға қарсы күрестегі бірлескен іс-қимылдарға, сондай-ақ, өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге ерекше назар аударылды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасы Волкан Бозкырдың Қазақстан мен аймаққа жасаған сапары Орталық Азияның ролі артып келе жатқанын көрсететінін атап өтті.

– Орталық Азияда болып жатқан ахуалды бағалау тұрғысынан Сіздің бұл сапарыңыз аса маңызды. Аталған аймақ жаһандық саясат аясында зор маңызға ие болып келе жатыр. Өзіңізді БҰҰ Бас Ассамблеясының сайланған төрағасы ретінде көргеніме қуаныштымын. Сіздің осы жауапты әрі маңызды миссияңыз табысты болады деп ойлаймын. Біз Біріккен Ұлттар Ұйымын мультилатерализмнің діңгегі ретінде қарастырамыз. Қазақстан БҰҰ-ның мақсаттарын толық қолдайды. Ассамблея Сіздің дана басшылығыңызбен Ұйымның мақсатына қол жеткізуіне, әсіресе, қалыпты өмірдің барлық саласына әсер еткен пандемияның теріс салдары кезінде елеулі үлес қосады, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы халықаралық қоғамдастықтың пандемия салдарына қарсы күресте жұдырықтай жұмылуы қажет деп санайды.

– Қазақстан халықаралық қоғамдастықтың жауапты мүшесі ретінде дағдарыстың салдарын еңсеру үшін барлық күш-жігерін жұмсайды. Біз өзіміздің төл вакцинамызды әзірледік. Келешекте, қажет болған жағдайда, оны мұқтаж елдерге ұсынуға дайынбыз, – деді Президент.

Волкан Бозкыр Қасым-Жомарт Тоқаевқа жылы қабылдағаны үшін алғыс айтып, Қазақстанның БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесіне төрағалығының қорытындыларын, сондай-ақ, Сирия қақтығысын реттеу үшін жүргізген жұмыстарын жоғары бағалады.

– Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымының жұмысына өте белсенді атсалысады. Сіз БҰҰ жүйесінде көп жыл жұмыс істедіңіз. Тәжірибеңіз мол. Елдің басшылығы да Ұйыммен белсенді ықпалдастық жасайды. Қазақстанның Сирия қақтығысын Астана процесі ретінде белгілі бейбіт жолмен реттеуге қосқан үлесін қолдаймын, – деді БҰҰ Бас Ассамблеясының төрағасы.

Сонымен қатар әңгімелесу барысында Ауғанстандағы ахуалға байланысты өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету мәселелері де сөз болды.

МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

МАҢ-МАҢ БАСҚАН, МАҢ БАСҚАН
түйеге келген не кесел?

Маусым айының соңғы онкүндігінде Арал ауданында түйе ауруға ұшырады. Ежелден шөлге де, аязға да төзімді, сірітабан делінетін жануарға не болды? Тұзды, шөлді аймақтың қатал климатына бейімделген «дала кемесіне» келген кесел туралы желдей ескен әңгімеге мамандар нүкте қойды.

Алғашқыда түйе табанының түсуінен елдегі шаруалар абдырап қалғаны рас. Ойсылқара тұқымының мұндай ауруға шалдығуы ұзақ жылдан бері кезіккен емес. Десе де, қызылордалық ветеринария саласының мамандары оған алаңдауға еш негіз жоқ екенін айтады.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының мәліметінше, ауданда 33,4 мың бас түйе бар. Бұл облыс көлеміндегі Ойсылқара тұқымының 56 процентін құрайды. Түйе – аралдық мал өсірумен айналысып жүрген ағайынның негізгі тіршілік көзі. Сондықтан бұған бейжай қарауға негіз жоқ.

Ауру белгілері байқалғаннан жергілікті билік тарапынан жедел шаралар қабылданды. Мамандардың айтуынша, Арал ауданының Аққұм, Қарақұм ауылдық округтері және Жақсықылыш кентінде 24 бас түйеден ауру анықталған. Клиникалық тексеру нәтижесінде мамандар оған «Некробактериоз» болжамды диагнозын қойып отыр. Бұл аса қауіпті аурулар қатарына жатпайды.

Бұған байланысты облыстық ветеринария басқармасы басшысының орынбасары Әнуарбек Дәрмағанбетов төмендегіше түсініктеме берді.

– Некробактериоз жануарлардың барлық түріне тән. Ол қажетті жем-шөп қорегінің аздығынан, қуаңшылықтан пайда болады. Қыстан арық, көтерем болып шыққан, иммунитеті төмен малда жиі кездеседі. Ауру түйе табанын зақымдап, мазольді қабатын бұзып түсіреді. Сондай-ақ, лай-шалшықта жайылғаннан, көктемде қоражайларға механикалық-санитарлық жұмыстардың жүргізілмегенінен де пайда болады, – деді басқарма басшысының орынбасары.

Жергілікті ветеринариялық сала мамандары ауруды емдеу үшін түрлі антибиотиктер қолдануда. Оның ішінде «Бициллин-3», «АСД фракция-3» ерітіндісі, «Ашокси», «Нитокс-200» ветеринариялық препараттары бар. Препараттар мал иесінің өз қаражаты есебінен егіледі. Оған шамамен 8-10 мың теңгеге дейін жұмсалады. Қазір ауру түйелер мамандар тарапынан тұрақты бақылауға алынған. Мұндай оқиға бұдан бұрын 1990 жылдардың басында тіркелген екен.

Қазір ауырған түйелердің жағдайы қалыпты. 24 бастың 14-і сауыққан. Ал, қалған 10-ын емдеп жатыр.

Ауру тіркелген Жақсықылыш кентіндегі ахуалды білмек болып кент әкімдігіне хабарласқан едік. Әкім міндетін атқарушы Нұрбек Серікбаев:

– Кесел кент орталығында тұратын азаматтардың қорадағы малынан табылған жоқ. Ауыл маңындағы екі шаруа қожалығында болған. Ветеринарлардың емінен кейін түйелер жазылып, қайтадан қатарға қосыла бастады. Мамандардың айтуынша, қауіптенетін ештеңе жоқ. Қажетті ем жасалғаннан кейін жазылып кетеді. Ешқандай шығын болған жоқ, – деді.

«СБ» ақпарат

БӘРЕКЕЛДІ!

«Жастардан жәрдем»:
Бастама баянды болғай!

Биыл Арал ауданының шаруалары табиғаттың тосын мінезінен, қуаңшылықтан зардап шегіп отыр. Мал шығыны орын алды. Жағдай күрделенген сайын, алаң көңілдің уайымы көбейді. Бірақ, ертеңге сенімі мықты жастар жұрттың еңсесін көтеріп тастады. Олар «Он адам жүрген жерде із, жүз адам жүрген жерде соқпақ, мың адам жүрген жерде жол қалады» деген дана сөздің айғағына айналды.

Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Облыстық «Жастар ресурстық орталығының» бастамасымен барлық саладағы белсенді жастар бірлесіп, «Жастардан жәрдем» акциясын бастады. Жаңақорған, Шиелі, Сырдария және өзге де аудандардың ерікті жастары шөп оруға атсалысуда. Мақсат біреу – қыс қамын жасаған ағайынның көңілін бірлеу. Берекелі бастамаға жаңақорғандық жастар ерекше леп беруде. Аудан әкімдігінің бастамасымен тау беткейіндегі ауылдық округтердің шаруалары «Түгіскен» тұқым шаруа қожалығынан тегін шөп орып алуға мүмкіндік жасады. Оны Қыраш және Қосүйеңкі ауылдық округінің жастары бірауыздан қолдап, шөп орағының басына жетті. Айта кету керек, шаруаларға қолдау көрсетуге «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары атсалысуда.

3-бет

ОЙТАРАЗЫ

Той тойлағанша, ойлансақ етті

Бүгінгі әлем аласапыран. Жұмыр жер бетінде болып жатқан күтпеген тосын оқиғалардың сан алуандығы соншалық, оларға ойлы дегендердің өзі байыпты бағасын беруге дәрменсіз болып барады. Әлемдік ұлы держава басшыларынан бастап, дүниенің тағдыры үшін жауапты дегендердің өзі ақылды, уәжді сөзге тоқтамай жатқан осындай бұлыңғыр, күрделі дәуірге баға беруге қазір шындығында ешкімнің құлқы да, ынтасы да жоқ сыңайлы.

Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ,
«Сыр бойы»

4-бет

ЕКПЕ АЛ!

ІНДЕТТІ ЖЕҢУДІҢ ЖАЛҒЫЗ ЖОЛЫ

Елімізде 9 шілдедегі мәлімет бойынша коронавирусқа қарсы вакцинаның I компонентін салдырғандар саны 4134139-ды құраса, II компонентін алғандар саны – 2336019-ға жетті. Ал өткен тәулікте аймақта 3614 тұрғын вакцина қабылдады. Осылайша облыста I компонентпен 178790 адам егілсе, II компонентті 97333 тұрғын алған.

Ал өткен тәулікте республика көлемінде 2909 адамнан коронавирус инфекциясы анықталды. Облыста 46 жағдай тіркелді, оның алдында 47 науқас анықталған болатын.

Көріп отырғанымыздай, республика көлемінде эпидахуал әлі де күрделі. Бұл орайда мамандар кеселді жеңудің жалғыз ғана жолы вакцина салдыру екенін айтып келеді. Екпеге күмәнмен қараудың, бұл процедурадан қорқудың қажеті жоқ. Облыс орталығындағы емханалар мен сауда орталықтарында екпе егу пункттері жұмыс істеп тұр. Кез келген уақытта барып, ектіруге болады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық психикалық денсаулық орталығының дәрігері Гүлнар Алтынбасова айтты.

– Тұрғындарды мамандардың кеңесіне құлақ түруге шақырамын. Бүгінгі күні басты мақсат – ұжымдық иммунитет қалыптастыру. Сол кезде ғана біз бұрынғы тіршілігімізге орала аламыз. Өз басым алғашқылардың бірі болып вакцина салдырдым. Препараттың екі компонентін де қабылдадым. Бұл шешімім үшін өкінбеймін. Жалпы, қауіпті инфекцияға жасы үлкен адамдар тез шалдығатындығы айтылып жатыр. Мен екпе ектіру арқылы өзімді және де отбасымды дерттен қорғадым деп ойлаймын. Сол себепті барлықтарыңызды вакцина салдыруға шақырамын. Былтырдан бері бетперде тағып жүру күнделікті өмірімізге етене еніп кетті. Соның өзінде осы сақтық талабына салғырт қарайтын жерлестеріміз бар. Бұған қоса, әлеуметтік арақашықтықты сақтаудың маңызы зор. Көпшілік жиналатын қоғамдық орындарға бармауға тырысу қажет. Той-томалақтардан да бас тартқан абзал, – дейді Гүлнар Жағыппарқызы.

Үнді штамы өршіп тұрған уақытта маман кеңесіне құлақ асқаннан басқа амал жоқ. Аймақта бүгінде 106 екпе кабинеті бар. Оның 91-і аудандарда орналасқан. Облыс орталығында 3 егу пункті ірі сауда орнында ұйымдастырылған. Оларда барлық талап сақталған. Оны арнайы құрылған мониторингтік топтар бақылайды.

«СБ» ақпарат

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

Бірлік пен бейбітшіліктің 30 жылы

Қазақстанда этностардың құқығын шектейтін бірде-бір заң жоқ. Керісінше, барлық азаматтардың теңдігі Ата Заңда тайға таңба басқандай жазылы тұр. Әртүрлі ұлт өкілдерінің өз тілінде сөйлеуіне, құндылықтарын дәріптеуге, дәстүрлерін жаңғыртуға тыйым жоқ.

Sb **Айсәуле ҚАРАПАЕВА, «Сыр бойы»**

Жалпыхалықтық институтқа айналған ассамблея – құндылықтар мен азаматтық ұстанымдардың тұтастығын нығайтты және ортақ мақсаттар мен міндеттер аясында ел тұрғындарының мызғымас бірлігін қамтамасыз етіп келеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының XXIX сессиясында Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев 30 жыл бұрын көпұлтты әрі көпконфессиялы Қазақстан халқы маңызды таңдау жасап, болашаққа бірлікпен, татулық және келісіммен бет бұрғанын айтқан болатын. Сессия бекіткен міндеттерді талқылау және жүзеге асыру үшін «Достық үйінде» облыс әкімі, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының төрағасы

Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен «Бірлік пен бейбітшіліктің 30 жылы» тақырыбындағы облыстық Қазақстан халқы ассамблеясының XXIII сессиясы өтті. Оған ассамблея мүшелері, облыстық мәслихат депутаттары Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев, бейнебайланыс арқылы аудан әкімдері, этномәдени бірлестіктердің басшылары мен белсенділері, үкіметтік емес ұйымдар және БАҚ өкілдері қатысты.

Сессия модераторы, облыс әкімінің орынбасары, облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы төрағасының орынбасары Серік Ахмет күн тәртібіндегі мәселелерге тоқталды. Мұнан кейін облыс әкімі алдағы міндеттер туралы баяндады.

– Биыл бірлігі бекем, татулығы жарасқан Қазақстан халқы тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтуде. Тәуелсіздік – бұл, ең алдымен, біздің ортақ тарихымызға тағзым, кемел келешегімізге нық сенім. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың сарабдал саясатының арқасында саяси жүйесі тұрақты, экономикалық әлеуеті мықты, халықаралық беделге ие қуатты мемлекетті қалыптастырдық.

Өткен жылы пандемия жағдайында халқымыз індетті еңсеру жолында бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарды. Облыстық ассамблея мүшелері осы істің бел ортасында болып, үлкен қолдау көрсетті. Осы орайда, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Тәуелсіздік үшін нағыз күрес күнделікті еңбекпен, үздіксіз әрі дәйекті елдік саясатпен мәңгі жалғасады» деген сөзінің мазмұны терең. Іргелі мемлекет атануымызда, бірлік, келісім және өзара қолдау қағидаттарына негізделген Қазақстан халқы Ассамблеясының ролі ерекше. Бүгінде «Алаштың анасы» Сыр өңірінде 35 этнос өкілі татуластті өмір сүруде. Осы ретте, қазақстандық патриотизм, азаматтық теңқұқықтық қағидаттарын, мемлекеттік тілдің біріктіруші ролін, алуан түрліліктегі бірлікті ілгерілету, ұлтты тұрақты жаңғырту жөнінде шаралар қабылдану қажет. Этномәдени бірлестік мүшелерін Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі өңірлік комиссияның жұмысына тартып, этноәлеуметтік процестерге мониторинг жүргізіп, қоғамдық келісімді бұзу ықтималдығы жоғары көріністерге талдау жасау арқылы оларды шешу бойынша ұсыныстар әзірленуі керек. Қайырымдылықпен айналысып жүрген кәсіпкерлер мен меценаттарды ынталандырудың және қайырымдылықты дамытудың жаңа форматты шараларын ұйымдастыру маңызды, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысының жұмысын жандандыру мақсатында аймақтық жастар ұйымдарымен бірлескен іс-шаралар кешенін жүзеге асырып, облыстық ассамблеяның Аналар және Қоғамдық келісім кеңестерін этносаралық байланыс алаңы ретінде пайдалануды тапсырды. Этносаралық қарым-қатынас, қайырымдылық, волонтерлік және мемлекеттік тілді үйрену орталықтары ретінде «Достық үйлерінің» жұмысын күшейту қажет екенін атап өтті.

Сессияда аймақ басшысы облыстық Қазақстан халқы

ассамблеясының төрағасы ретінде Ирина Шекті төрағаның қоғамдық негіздегі орынбасары қызметіне тағайындап, алдағы жұмысына сәттілік тіледі. Сондай-ақ, осы қызметте болған Ильдар Гафуровқа алғысын білдірді.

Мұнан кейін облыстық мәслихат хатшысы Наурызбай Байқадамов сөз алып, тәуелсіздігіміздің үшінші онжылдығы жаңа міндеттер жүктейтінін атап өтті.

– Ұлттың жаңа болмысын, адами әлеуетін нығайту бағытында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы жұмыстарды жандандырып, қоғамдық сананы жаңғырту негізінде ұлттық бірегейліктің қайнар көзін ашуымыз керек. Бұл бағытта билік пен халықтың сындарлы диалогын қалыптастыру – біздің міндетіміз. Әйтпесе, ассамблея әлеуметтік желіні белсенді пайдаланатын сыншылардың тақырыбына айналып кетуі ықтимал. Сынағанның бәрі сыншыл, шымшығанның бәрі шыншыл емес. Біреу үшін қасиетті көрінетін нәрсе, екінші біреу үшін әзіл-оспақ немесе кекетудің тақырыбы болмауы тиіс. Бұл – ренішке бастайтын төте жол. Кез келген нәтижесі оң жобаларға сын ере жүреді. Сын қоғамның қозғаушы күші десек те, оның ықпалында кетуге болмайды, – деді мәслихат хатшысы.

Отырыста Ирина Шек тәуелсіздік жылдарында ассамблея жаңа белеске көтерілгенін атап өтті.

– Мен 20 жылдан бері ассамблея мүшесімін. Сонымен қатар «Возрождение» деп аталатын неміс этномәдени бірлестігінің жетекшісімін. Біз Отанымыздың өркендеп өсуіне өз үлесімізді қосып, еңбек етіп келеміз. Татулығы жарасқан Қазақстан мемлекетінің бақытты тұрғыны екенімді мақтанышпен айта аламын,– деді ол.

Ал облыстық перинаталдық орталықтың бас дәрігері Олег Ким денсаулық саласының дамуына қосқан үлесін азаматтық борышы санайды.

– Бүгінде ана мен бала өлімі азайды. Өткен жылы біздің ұжым орталықтың жүкпалы аурулар бөлімшесіне түскен 152 науқасты, оның ішінде COVID белгісі анықталған 72 әйелді емдеді. Жыл басынан 40 әйел дәл осындай белгімен біздің бөлімшеге түсті. Әріптестерім аянбай еңбек етті. Олардың арасында екі дәрігер «Халық алғысы» медалімен марапатталды. Медицина қызметкерлерінің еңбегі лайықты бағаланып келе жатқанына қуаныштымын,– деді бас дәрігер.

Сессияны қорытындылаған аймақ басшысы алдымызда кемел келешекке, жарқын болашаққа жету жолында атқарылуы тиіс маңызды істер барын атап өтті. Сонымен қатар, ел тұрақтылығын сақтауда, індеттің күшеюіне байланысты вакциналау жұмыстарын насихаттауға атсалысуда, қуаныштық кезеңінде елді бірлікке шақыруда ассамблея ролі ерекше екенін назарға салды.

Суреттерді түсірген **Бағдат ЕСЖАНОВ**

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары, Мәжілістегі «Nur Otan» партиясы фракциясының мүшелері өңірдегі барлық аудандарды аралап, көпшілікті толғандырған мәселелермен танысып, халықтың ұсыныс-тілектерін тыңдап, оны шешуді қарастыру, сайлауалды бағдарламаның жүзеге асырылу барысын бақылау мақсатында Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келді. Мәжіліс төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева, депутаттар Ғалым Әміреев, Бақытбек Смағұл, Геннадий Шиповских жұмыс сапарының алғашқы күнін Арал ауданынан бастады.

Мәжіліс депутаттары Аралда

Ең алдымен темір жол үстінен салынатын аспалы автокөлік көпіріне белгіленген орындарды көрді. Бүгінде оған техникалық-экономикалық негіздеме әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілген. Жоба-сметалық құжаттамасын дайындауға қаржы бөлу жұмыстары жүргізілуде. Одан соң аудандағы апатты деп танылған кітапханалар мен «Жазира» балабақшасының жағдайын көрді. Атап өтейік, ауданда 3 кітапхана ғимараты апатты жағдайда деп танылып, 200 мың кітап қорына арналған кітапхана құрылысына жобалау-іздестіру жұмыстары жасалып, құжаттарын әзірлеуге тиісті басқармаға өтінім тапсырылған. Ал қала ішіндегі 3 балабақша апатты деп танылғандықтан, басқа ғимаратқа көшірілген.

Депутаттар «Nur Otan» партиясының фракция мүшелерімен және аудан кәсіпкерлерімен кездесіп, өңірдегі өзекті мәселелерді талқылап, ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Кездесу барысында аудандағы қуаңшылық жағдайы, пандемияның кәсіпкерлердің жұмысына кедергісі талқыланды.



Мәжіліс төрағасының орынбасары Балайым Кесебаева аудандық филиал ғимаратында тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдап, уәждеріне құлақ түрді. Қабылдауға келген тұрғындар мал шаруашылығына мемлекет тарапынан берілетін субсидия жөнінен қолдау көрсету, Сексеуіл кентін газдандыру, Арал қаласынан автодрон құрылысын салуға қаржы бөлу, жұмысқа орналастыру мәселелерімен жүгінді. Ұсыныстарды мұқият тыңдаған Б.Кесебаева айтылған мәселелердің шешілу жолдары қарастырылатынын жеткізді.

Халық қалаулылары Қамбаш көлінің қазіргі жағдайымен танысты. Қамыстыбас, Бөген, Қаратерең, Жаңақұрылыс елді мекендеріне барып, ауыл халқымен жүздесіп, жергілікті жердегі түйткілді мәселелерді тыңдады. Кездесуде ауыл тұрғындары қуаңшылық, жайылымдық, шабындық жерлерді суландыру, төрт түлік малға қажетті жемшөп, жол мәселесі қиындық тудырып отырғанын жеткізді. Сонымен қатар, ауылға жаңа балабақша, клуб қажеттігі айтылды.

Қуаңшылық бірінші кезектегі мәселе болғандықтан, депутаттар жобалар дайындалғанына, қажетті қаржының бөлінуіне ықпал жасап, бақылауда ұстайтынын айтты.

Мәжіліс депутаттары «Бөген-Ақлақ» және «Қаратерең-Жаңақұрылыс» автожолдарына жүргізіліп жатқан орташа жөндеу жұмыстарын, «Ақлақ» су тоспасын және «Жалғасбай» балық өңдеу цехының жұмысын көрді.

Мәжіліс депутаттары басқа аудандарда да сайлаушылармен кездесті.

БРИФИНГ

Әрбір қызметкердің құқығы қорғалады

Облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы еңбек заңнамасын, қауіпсіздігі мен еңбек қорғау талаптарының сақталуын бақылауда жүйелі жұмыс атқарып келеді. Жұмыскерлерге жалақы қарызын төлеу мәселесін бақылап, кәсіпорындар мен мекемелерде жалақы төлемін кешіктіру фактілері анықталған кезде жедел әрекет ету шараларын қолданады. Жыл басынан бері 7 кәсіпорынның 1330 қызметкеріне жалақы қарызы төленді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасының басшысы Төреахмет Жолымбетов мәлімдеді.

– Облыс бойынша соңғы үш айдан астам жалақы қарызы бар мекеме тіркелген жоқ. Өткен алты айда жеке және заңды тұлғалардың 457 өтініші қаралып, белгіленген тәртіппен тиісті жауап берілді. Былтырмен салыстырғанда қаралған өтініш саны 3 процентке артқан. Мемлекеттік еңбек инспекторлары мекемелер мен кәсіпорындарда 81 тексеру жұмысын жүргізіп, 143 заңбұзушылық анықталды. Биыл тексерулер саны артып, заңбұзушылық көбейіп отыр. Анықталған заңбұзушылықтардың алдын алу үшін тиісті жұмыстар жүргізілуде. Сонымен қатар басқарма облыстағы шетел жұмыс күші тартылған кәсіпорындарда еңбек заңнамасының сақталуын ұдайы бақылауда, – дейді ол.

Жыл басынан бері облыстағы мұнай және мұнай сервис компанияларында жұмыскерлер арасында жалақы мөлшерін көтеру және ұжымдық шарт талаптарының сақталуы мен оның талаптарын өзгерту мәселесіне қатысты наразылық туындаған. Осыған байланысты тиісті жұмыстар жүргізіліп, нәтижесінде тараптар ортақ бір келісімге келіп, еңбек ұжымдарындағы ахуал тұрақталды. Сонымен қатар өндірісте жарақаттану жағдайларына, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігіне орай тоқсан сайын талдау жүргізіледі. Тіркелген жазатайым оқиғалар арнайы тергеп-тексеріледі. Осы жағдайдың алдын алу мақсатында тиісті істер атқарылып келеді. Сондай-ақ, биылғы жылдың бірінші шілдесінде банкрот деп танылған «Фотон» ЖШС 1 қызметкеріне жалақы қарызы бары анықталды. Бұл мәселе облыстық кірістер департаментінің бақылауында.

500-ден астам жобаға қаржылай қолдау көрсетілді

Облыста шағын кәсіпкерлердің жаңашыл жобаларына «Бизнестің жол картасы - 2025» мемлекеттік бағдарламасы аясында мемлекеттік гранттар беруге 261 млн теңге қаржы бөлінді. Оның ішінде тек 18-29 жас аралығындағы кәсіпкерлердің жаңа бизнес-идеялары үшін 250 млн теңге қаржы қаралмақ. Жас кәсіпкерлердің 70-тен астам жаңашыл жобасы іріктелді. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасының басшысы Фердоуси Қожабергенов хабарлады.

– Бағдарламаның бұл қолдау шарасына Үкімет бірқатар өзгерістер енгізді. Бұған дейін конкурсқа кәсіпкерлік негіздерінен оқудан өткендігін растайтын сертификатпен қатысу міндеттелген болса, енгізілген өзгерістерге сәйкес сертификатты қажет болған жағдайда тапсыру мүмкіндігі қарастырылды. Ендігі конкурстық іріктеу шілде айында басталады. Құжаттар қабылдау үшін алдын ала облыстық бұқаралық ақпарат құралдарында, әлеуметтік желілерде хабарландыру беріледі, – деді ол.

Бүгінге дейін 612 млн теңге қаржы бөлініп, 500-ден астам жобаға қолдау көрсетілді. Бағдарлама талаптарына сәйкес, жобалардың іске асырылуына, грант қаражаттарының мақсатты жұмсалуы мен жұмыс орындарының құрылуына қаржы агенттігі ретінде «Даму» ҚДҚ» АҚ тұрақты түрде мониторинг жұмыстарын жүргізді. Мониторинг нәтижесінде 22 жобаға берілген грант қаражаты мақсатсыз жұмсалғаны анықталды. Қаражат сот арқылы өндірілді.

«СБ» ақпарат

ҚЫЗЫЛОРДА – НОЖАН-СЮР-МАРН бауырластық беки түсті

Алаш қозғалысының көрнекті қайраткері Мұстафа Шоқайдың ел Тәуелсіздігі жолындағы күрескерлік идеялары, өшпес рухы халқымен табысқалы бері Қазақстан мен Франция арасы жақындай түсті. Мәдени-рухани байланыс артып, Мұстафа Шоқай салған сара жол жалғасын тапты. Оның ішінде Ножан-сюр-Марн қаласындағы қазақ қауымдастығы атақты жерлесімізге құрмет көрсетіп келеді. Бейсенбіде онлайн-режимде Қызылорда мен Францияның Ножан-сюр-Марн қаласы арасында бауырластық туралы келісімге қол қойылды.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова Қазақстан мен Франция арасында саяси, іскерлік, экономикалық және мәдени салаларда өзара қарым-қатынастар қалыптасқанын атап өтті.

– Екі ел арасындағы жоғары деңгейдегі тұрақты байланыстар, сауда-экономикалық қатынастар және бірлескен ғылыми-мәдени іс-шаралар қарқынды дамып келеді. Қазақстанды Француз Республикасымен, оның ішінде Ножан-сюр-Марн қаласымен ерекше ортақ тарихи байланыстар біріктіреді. Оның айқын дәлелі Франция мемлекеті Сыр өңірінен шыққан жерлесіміз, Алаш қайраткері Мұстафа Шоқайға ерекше назар аударып, құрмет көрсетіп келеді. XX ғасырдың басында Мұстафа Шоқайға Франция біраз жыл пана болды. Францияны өзінің екінші отаны санаған Мұстафа Шоқайдың құрметіне саябақ және Ножан-сюр-Марн қаласында мүсіні қойылғанын ерекше атап өткен жөн, – деді аймақ басшысы.

Облыс әкімі дипломатиялық және зиялы қауым өкілдеріне, Ножан-сюр-Марн қаласынның мэрі Жак Мартэн мен Мұстафа Шоқай атындағы француз-қазақ достығы қауымдастығының президенті Яшар Динчке Сыр елінің атынан алғысын білдіріп, Ножан-сюр-Марн басшысына Қызылорда облысына арнайы келу туралы ұсыныс білдірді.

Өз кезегінде Жак Мартэн облыс әкіміне алғыс айтып, екі аймақ арасындағы бірқатар әлеуетті ынтымақтастық бағыттарын атап өтті. Қос тарап мәдени, экономикалық, спорт салаларында серіктестік орнатуға ниет білдірді.

Онлайн кездесуде Мұстафа Шоқай атындағы француз-қазақ достығы қауымдастығының президенті Яшар Динч ізгі тілегін жеткізді.

Кездесу соңында Қызылорда және Ножан-сюр-Марн қалаларының басшылары бауырластық туралы келісімге қол қойды. Өз кезегінде Қызылорда қаласының әкімі Ғанибек Қазантаев Жак Мартэнге алғыс білдіріп, облыс орталығының бір көшесіне Францияның айтулы тұлғасының есімін беру жоспарланғанын жеткізді.

ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

Жауапты маусымға дайындық пысықталды

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың төрағалығымен жылу маусымына дайындық мәселелері бойынша жиын өтті. Жиында облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Руслан Нұрмағанбетов 2021-2022 жылдардағы жылу беру маусымына дайындық барысы туралы баяндады.

Алдағы жылу беру маусымына дайындық жұмыстары кәсіпорындар мен энергонысандарда бекітілген іс-шараларға сәйкес жүруде. Атап айтсақ, «Қызылордажылуэлектрорталығы» кәсіпорнында 2 қазандық, 5 күштік трансформатор, 17 АБМҚ және 4,1 шақырым жылу жүйелеріне, «Қызылорда Оңтүстік жылу орталығы» филиалының 7 қазандығына, «Қазалы-Теміржолжылу» филиалының 4 бу қазандығына ағымдағы жөндеу жұмыстары жүргізілді. Жалпы жөндеу жұмыстары 73% орындалды.

Осы жылы «Қызылорда электр тарату тораптары» АҚ бойынша 602,41 шақырым электр желілері мен 79 дана әртүрлі кернеулі қосалқы стансаға күрделі жөндеу, 487,17 шақырым электр желісі мен 61 дана әртүрлі кернеулі қосалқы стансаға ағымдағы жөндеу жұмыстары қаралып, 50% орындалған. Ал, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ-ның Қызылорда өндірістік филиалы алдағы жылу беру маусымына дайындық жүргізу үшін 50 дана ГРП мен 208 дана ШРП-ға ағымдағы жөндеу жұмыстарын 75% орындады.

Ауызсу және кәріз жүйелеріне 1,5 шақырым, ауызсу қысымын көтеру станциясының 4 дана насос жабдығына ағымдағы жөндеу жұмыстары 65% орындалған.

Бүгінде облыс бойынша 185 білім, 90 мәдениет, 102 денсаулық сақтау нысанына және 245 кіші қазандыққа жөндеу жұмыстары жүргізілді.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Жалағаш ауданындағы №№118,124 мектептерді күрделі жөндеу жұмыстарына тиісті қаржы бөлініп, №118 мектептің күрделі жөндеу жұмыстары басталып кеткен. Ал, №124 мектепке мемлекеттік сатып алу конкурс жұмыстары жүргізілуде.

Сонымен қатар, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы аясында 6 әлеуметтік нысанның жылу қазандықтарын газ отынына бейімдеу мақсатында бюджеттік өтінім ұсынылды.

Облыс бойынша бүгінде барлығы 1222 көпқабатты тұрғын үй бар. Орталықтандырылған жылу жүйесіне қосылған көпқабатты тұрғын үйлердің 12%-і жылу маусымына дайын. Қалғандарында бекітілген кестеге сәйкес жұмыстар жүргізілуде. Қызылорда қаласында орналасқан 11 көпқабатты тұрғын үйге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізу мақсатында республикалық бюджеттен 681,9 млн теңге қаржы бөлінген. Сонымен бірге, Қызылорда қаласында жылу беру маусымына дайын емес 80 тұрғын үйдің тізімі анықталып отыр. Бұл ретте қала әкімі Ғанибек Қазантаев аталған үйлерге жылу беру жұмыстарын реттеу үшін қажетті шаралар қабылданатынын жеткізді.

Жалпы облыс бойынша әлеуметтік сала нысандарына алдағы жылу беру маусымында 33 мың тонна қатты және 25 мың тонна сұйық отын қажет. Ал тұрғындардың қажеттілігі 140 мың тоннаны құрап отыр.

Аймақ басшысы Қызылорда қаласында жылу беру маусымына дайын емес 80 тұрғын үйдің мәселесін бақылауда ұстап, уақытылы шешуді тапсырды. Қажетті қатты және сұйық отын жеткізу үшін дайындық жұмыстарын тез арада бастауды жүктеді. Сондай-ақ, жылу маусымына дайындық барысы жеке бақылауында болатынын айтып, бұл мәселеге аса жауапкершілікпен қарау керек екенін назарға салды.

Жиынды қорытындылаған облыс әкімі аймақтағы әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерді жылумен қамту жұмыстарына жауапты мекеме басшылары бірлесіп шаралар қабылдау қажет екенін баса айтып, тапсырмалардың орындалуын орынбасары Серік Сүлейменовке жүктеді.

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың жетекшілігімен облыс әкімі жанындағы жастар істері жөніндегі кеңестің отырысы өтті.

Sb **Назерке САНИЯЗОВА, «Сыр бойы»**

NEET санатындағы жастар назарда

Жастарды қолдау жөніндегі 2021-2025 жылдарға арналған республикалық кешенді жоспар аясында аймақта ауқымды жұмыс атқарылып келеді. Соның бір парасымен облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Мира Қазбекова таныстырды. Статистика бойынша Сыр жұрттшылығының 21,6 процентінің жасы – 14 пен 28 аралығында.

– Жылдың алғашқы жартысында жүргізілген зерттеу нәтижесі олардың 94,8 процентінің әлеуметтік көңілкүйі жақсы, оптимистік әрі қалыпты екенін көрсетті. Жұмыссыздық деңгейі – 4,2 процент, NEET санатындағылар үлесі – 8,3 процент. Мемлекеттік жастар саясатын жүзеге асыруға биыл 421 миллион теңге бағытталып отыр. Жастарға 10 арнайы ресурстық орталық қызмет көрсетіп келеді, – деді М.Қазбекова.

Алайда ондағы мамандар саны біркелкі емес. Мысалы, 18 мың жас тіркелген Арал ауданындағы штат бірлігі – 16, 19 мың жас тұрғыны бар Жаңақорған ауданында – 4. Жастар саны 63 мыңнан көп Қызылорда қаласындағы көрсеткіш те осы шамада. NEET санатындағы қызжігіттерді анықтап, оларды қоғамға бейімдеу шаралары қалаға қарасты 7 ауылдық округте атқарылды. Нәтижесінде жастардың әлеуметтік мәртебесі анықталып, ақпараттық база қалыптасты. Жастар ресурстық орталығында бұл бағытта арнайы бөлім жұмыс істейді. Ал қала, аудан орталықтарында мамандар бекітілген.

Басқарма басшысы волонтерлікті дамытудың 2021-2023 жылдарға арналған Жол картасы шеңберіндегі жұмыстарға тоқталды. Есепті кезеңде еріктілердің қатысуымен 6300-ден астам шара ұйымдастырылса, соның басым бөлігі қайырымдылық бағытта. Қазіргі күні жастар аймақ басшысының қуаңшылық зардабын тартқан Арал ауданына көмек қолын созу туралы бастамасын құп алып, жем-шөп дайындау ісіне белсенді түрде кірісіп кетті.

Облыс әкімі сондай-ақ Ресейде білім алып жүрген жерлестеріміздің жағдайын қаперден тыс қалдыруға болмайтынын жеткізді. Еске салсақ, бүгінде Мәскеу мен Санкт-Петербургтегі 4 жоғары оқу орнында 212 қызжігіт білім алуда. Оның 77-сі биыл оқу бітірмек. Сұрастыру нәтижесінде 59-ы жұмыс істегісі, 16-сы магистратурада білімін жетілдіргісі келетінін жеткізген. 1 түлек жұмысқа орналасқан болса, 1 түлек басқа қалаға көшіп кеткен. Аймақ басшысы осы орайда бірқатар сала басшыларына биыл университет бітірушілердің мамандығына сәйкес бос жұмыс орындарын зерделеуді тапсырды.

Жастарды қолдауға арналған мемлекеттік бағдарламалардың жүзеге асырылуы жөнінде облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының басшысы Гаухар Қалмақова, жастар құқық бұзушылығының алдын алу туралы жергілікті полиция қызметі басқармасының бастығы Бауыржан Ибраев баяндады.

– Өткен 6 айда қылмыс деңгейі 33,9 процентке төмендеген. Ұрлық, бұзақылық, алаяқтық жастар жиі жасайтын қылмыс түрлері қатарында. Қаңғыбастық пен кезбелікке салынған 160 жасөспірім бейімдеу орталығына жеткізілді, – деді полиция полковнигі.

Облыс әкімі жастар мәселесі ерекше бақылауда болуы керектігін еске салды. Әсіресе, оқымайтын немесе жұмыс істемейтіндер қырағы көзден таса қалмауы тиіс. Еліміздегі арнайы бағдарламалардың көздегені де сол – олардың тұрмысын түзеу, қоғамға бейімділігін арттыру.

«Жастардан жәрдем»: Бастама баянды болғай!

Шиелі ауданының Бәйтерек ауылдық округіне қарасты «Бидайкөл» шаруа қожалығында ерікті жастар және «Жасыл ел» еңбек жасағының сарбаздары қожалық жұмысшыларымен бірлесіп, қысқы мал азығын жинаудың қамымен жүр. Жиналған шөп қожалықтың жұмысшыларына және әлеуметтік аз қамтылған тұрмысы төмен отбасыларға үлестірілетін болады. Осы уақытқа дейін «Бидайкөл» қожалығы 50 отбасыға қысқы мал азығын таратқан. Сырдарияда да ерікті жастар шаруаларға көп ұзамай көмекке келді. Олар шалғы-орағын сайлап, күріштік маңындағы атыздарды оруда. «Жасыл ел» жасағының мүшесі Сұлтан Тәжімұрат елдің баласы деген атқа лайық болу үшін әрбір жас осындай бастамалардың басы-қасынан табылу керек деген пікірде және ол Сыр жастарын игі іске үлес қосуға шақырады.

Жалағашта да қызу тірлік бар. Ал, Қармақшы ауданында жастар бригадаларын ұйымдастыру ісі қарқын алуда. Қазалылықтар да бастамадан шет қалған жоқ. Сонымен қатар Аралда 40 белсенді жігіттен құралған арнайы еріктілер жасағы аудан аумағындағы шабындықтардан шөп оруға жол тартты. Қазір олар Жетес би ауылдық округі аумағындағы алқаптарда аянбай еңбек етуде. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» деп білетін олар орылған шөпті ауыл маңындағы шаруаларға жеткізетін болады. Арал ауданының құрметті азаматы, ардагер журналист Шәкірат Дәрмағамбетұлы жастардың жігерін жанып, алға қойған мақсатын абыройлы атқарып қайтуға ақ батасын берді. Ал, үлкендердің батасын арқалаған кішілер сенімге селкеу түсірмек емес.

– Еркін елдің ерікті жастары елге көмек беру жолында сақадай сай. Бүгінде акция ауданға қарасты Жетес би және Қаратерең ауылдық округтерінен бастау алып отыр. Сондай-ақ, дәл осындай жұмыстар ауданға қарасты Аманөткел, Ақирек, Аққұм және Жаңақұрылыс ауылдық округтерінде де жүзеге асырылмақ. Аталған аумақ бойынша 12 шөп ору бригадасы жасақталды, – дейді ерікті Ержан Сабырбай.

Өзгенің мұңын өзінікіндей сезінетін журналистер қауымы да акциядан сырт қалмады. Жақында Әзиз Батырбеков бастаған қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшілері қаламды ораққа айырбастап, іске білек сыбана кірісті. Олар қала іргесіндегі Қарауылтөбе ауылдық округінде өткен шарада жасылелдік жастармен бірге бір көлікке жүк боларлық пішен орды. Абзал істерімен қол созуға асық жастардың бастамасы көпке үлгі. Бастысы, олар «Қолым бос емес!» деп келте кескен жоқ, керісінше ағайынның басына түскен сынақты бірлесе өткеруге күш салуда. Бұл барлығымызға да ой салары анық.

1-бет

Аудан жаңалықтары

Су шаруашылығы қызметкерлерін қабылдады

Қызылорда. Қала әкімі Ғанибек Қазантаев су шаруашылығы қызметкерлерін қабылдап, кәсіби мерекемен құттықтады.

– Бұл салада кәсібіне деген құрметті ұрпақтан ұрпаққа жеткізген ардагерлер мен мамандарға адал еңбектері үшін ризашылық білдіргім келеді. Қазір дарияның солтүстік сағасындағы бірнеше су реттегіш қондырғыларына жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстары су тапшылығын болдырмауға септігін тигізеді деп сенемін. Алқалы елді абыржытқан ахуал ағыны да өтер. Бастысы, сіздердің қажырлы еңбектеріңіз арқасында молшылыққа кенелейік, – деді қала әкімі.

Шаһар басшысы «Қызылордасушар» өндірістік учаскенің басшысы, қалалық мәслихат депутаты Жорабек Нұрымбетовке Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің төсбелгісін табыстаса, учаскенің бас маманы Аягөз Аманқараеваны Қызылорда қаласының «Құрмет грамотасымен» марапаттады. Сондай-ақ, сала мамандарына қала әкімінің алғыс хаты табысталды.

Кәсіпкерлер екпе алды

Арал. Ауданда коронавирус инфекциясына қарсы вакциналау жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

ҚР Бас санитариялық дәрігерінің №31 қаулысына сәйкес, көпшілік орындарда жұмыс істеп, тұрғындармен жиі байланыс орнататын қызметкерлерге 15 шілдеге дейін екпе алу міндеттелген болатын.

Осыған орай, «Дархан» сауда орнының директоры Ақыл Сәдуақасованың жұмыс кабинеті екпе егу бөлмесі болып дайындалды. Арнайы орынға жылжымалы медициналық мұздатқыш құрылғысы қойылған. Орталыққа бөлінген мейірбикелер негізінен базар қызметкерлеріне екпе салуда. Вакцина салу ережесіне сәйкес барлық талап сақталуда.

Мәселелер талқыланды

Қазалы. Аудан әкімі Мұхтар Оразбаевтың төрағалығымен құрылысы жүргізілуі керек білім беру нысандарының тізбесіне байланысты мәжіліс өтті.

Мәжілісте аудандық білім бөлімінің басшысы Әділхан Жөлекешов осы бағытта толық мәлімет берді.

Құрылысын салуға жататын білім беру нысандарының тізбесіне Әйтеке би кенті бойынша 3 мектеп пен 3 балабақша, Қазалы қаласынан 1 балабақша енгізілді. Сонымен қатар, Ғ.Мұратбаев ауылындағы №91 мектеп пен Жанқожа батыр атындағы №70 мектепке қосымша оқу ғимаратын салу жобасы да қосылды. Осы тізімге сәйкес Қазалы қаласындағы апаттық жағдайдағы «Өрімтал» және «Аққөгершін» балабақшаларын қайта салу үшін құжаттар әзірленіп, қаржыландыруға ұсынылған.

Жиында мұнан бөлек ҰБТ қорытындылары да айтылды.

Отандық тауарөндірушілерді қолдау

Қармақшы. Аудан әкімінің орынбасары Ж.Қойшыбаевтың төрағалығымен отандық тауарөндірушілерді қолдау бағытында атқарылатын шаралар туралы мәжіліс өтті.

Жиынға дербес бөлім басшылары, тиісті сала мамандары мен мердігер мекеме басшылары қатысты.

– Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес жергілікті қамту үлесі отандық тауарөндірушілерді қолдау бағытында жасалған. Атап айтқанда, құрылыс және инфрақұрылымдық даму жобалары бойынша сатып алынған тауарлардың жергілікті қамту үлесін 90 процентке жеткізу қажет. Қазір көптеген мердігер отандық тауарды пайдаланады. Мердігерлер сайтқа мәліметтерді тіркеген кезде тауар сертификаттарының уақыты мен мерзіміне мұқият болуы керек, – деді мемлекеттік сатып алу бөлімінің басшысы Б.Шерниязов.

Сонымен қатар, жиында отандық тауар өндірушілерді қолдауға бағытталған біліктілік өлшемдері де таныстырылды.

Мерекедегі марапат

Жалағаш. Су шаруашылығы қызметкерлері күніне орай аудан әкімі Асылбек Шәменов су шаруашылығы мамандарын мерекемен құттықтап, «Алғыс хатпен» марапаттады.

Мерейлі мерекеде марапат биігінен көрінгендер қатарында «Жалағаш су шаруашылығы» өндірістік учаске басшысы Асқар Табынбаев учаске басшысының орынбасары Мақсұт Алмасов, учаскенің аға инженер-гидротехнигі Сайлаубай Бисенов, механигі Ғани Дүйсекбаев бар. Сонымен қатар, Жалағаш аудандық оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы өндірістік бөлімшесінің аға шеберлері Талғат Жалғасов, Нұрхан Құлымбаев, көлік жүргізушілері Ғани Абдуаитов және Ғалымжан Ишанбеков марапатталды.

Тегін Wi-Fi іске қосылды

Сырдария. Тереңөзек кентінің орталық алаңында ашық әрі тегін Wi-Fi интернет орнатылды.

Ғаламтор қызметінің жылдамдығы 40 МБит/с құрайды. Интернеттің мұндай жылдамдығы әлеуметтік желілерді пайдалануға, сайт қарауға, ән, видео жүктеп алуға тиімді. Ең бастысы, кез келген азамат алаң аумағында интернетке тегін қосыла алады. Wi-Fi күнделікті тұрақты түрде жұмыс істейді.

Шахмат турнирі

Шиелі. Ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Социалистік Еңбек Ері, күрішші Заһира Ержанованың 90 жылдығына орай шахматтан турнир өтті. Шараға аудан әкімінің орынбасары Алмасбек Есмаханов қатысты.

Турнирге аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Әбдірахман, аудандық қоғамдық кеңес төрағасы П.Архабаев, аудандық мәслихат хатшысы Т.Жағыппаров, Заһира Ержанованың ұрпақтары, БАҚ өкілдері мен ауыл тұрғындары жиылды.

Заһира Ержанова – еңбек жолын 1942 жылы «Қызылту» колхозынан бастап, еңбек даңқына бөленген ардақты аналардың бірі. Даңғайыр диқан Ыбырай Жақаевпен бірге күріш өсіруде ерен еңбектің үлгісін көрсеткен жан.

Ел чемпионаты өтеді

Жаңақорған. 10-11 шілде күндері Жаңақорған ауданында 2004-2005 жылдары туған жасөспірім ұлдар мен қыздар арасында белбеу күресінен Қазақстан Республикасының чемпионаты өтеді.

Дүбірлі бәсекеде еліміздің 12 облысынан 200-ге жуық спортшы 17 салмақ дәрежесі бойынша өзара мықтыны анықтайды.

Жарыс нәтижесінде 4-8 қыркүйек аралығында Ресейдің Қазан қаласында өтетін Әлем чемпионатына спортшылар іріктеледі.

Қызылорда облысының намысын 34 спортшы қорғайды.

«СБ» ақпарат

Той тойлағанша, ойлансақ етті

Бірақ өмір біздің түсінігіміздің, ойлағанымыздан өте күрделі, қаншама енжар, немкетті болсаңыз да, сол жаратылыстың керемет ақыл мен ой жемісін сыйлаған пендесі – адамның әлгі құбылыстарға араласуын қалайды. Олардың қатарында адамзат баласы туғызған бүкіл қоғамдық формациялар мен мемлекеттердің тарихында басшы тұлғалардың алатын орны ерекше. Ел қиналғанда, тіпті соңғы үмітті үзгенше ел бастайтын тұлғаларға сүйенеді, орынды, уәжді, есті сөзіне зейін қояды.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев осыдан жыл астам уақыт бұрын «Ана тілі» газетіне берген сұхбатында: «...Біз мемлекет ретінде де, ұлт ретінде де бір орында тоқтап қалмауымыз керек. Ондай жағдайда ел тоқырауға ұшырайды. Оның зардабы мемлекетімізге тиеді. Ауыр тиеді. Ащы да болса айтайын, біз – қазақтар, осындай алмағайып күрделі әлемде, түптеп келгенде, ешкімге соншалықты қажет емеспіз. Өз мемлекетімізге ғана қажетпіз. Осы бір қарапайым қағиданы ешқашан естен шығармауымыз қажет. Әлемдегі Қазақстанның жетістігін көре алмайтын, «мысықтілеу» саясаткерлер, тіпті мемлекеттер де бізден алыстап кеткен жоқ, маңайымыздан ұзамай, әр қадамымызды бағып отыр. Сондықтан елімізді өркендету, көркейту тек қана өз қолымызда. Біздің осындай сындарлы сәтте қателесуге еш қақымыз да, құқығымыз да жоқ. Және мемлекет құрушы ұлт ретінде бұл мәселені бірінші кезекте өзіміз терең сезінуіміз қажет. Өйткені қазақ халқының тағдыры тарих таразысында тұр» деді.

Өмір бойы қызметі бойынша астарлы, ойлы сөйлеуге, жұмбақтап айтуға дағдыланған Президент барлық дипломатиялық этикетті жиып қойып, бізге өмірдің бүгінгі күрделі сипатын осылайша тура баяндады. Мемлекет басшысы, шындығында, ойындағысын айтты. Тарихқа, кешегі күнімізге ойлы, саналы көзқараспен баға бере алатын мемлекеттік тұлға ретінде айтуға мәжбүр болды. Ойланатын, мықтап толғанатын жағдай. Біз шындығында кімге керекпіз?

Тарих дегеніңіз қызық. Дегенмен, ол бізге сан алуан шымшытырық оқиғалармен емес, ең алдымен, өткеннен тағылым, сабақ алуымыз үшін қажет деп ойлаймын. Бұл тұрғыда бізге өкінішке қарай, ойланатын түйткілдер толып жатыр. Тарихпен бірге адам болмысы да қызық. Ол кешегісін тез ұмытады. Ұмытқаны соншалық, жаңа қателіктерге ұрынады, Жаратқан ие пендесіне кейде кешіріммен қарайды, бірақ әрдайым осылай бола берсе қәнекей?!

Қазақ патшалық Ресей, кеңес империясының құрамында болған дәуірді есептегенде өзінің құрылған дәуірінен бергі кезеңде 5 ғасырдан астам уақыт өмір сүріп келеді. Тарихқа үңілсеңіз, сол 1460 жылдан бергі уақытта көрмеген қасіреті жоқ. Үш ғасыр ойрат, жоңғар, қалмақтармен, қалай атасаңыз да ықтиярыңыз білсін, жер бетінде тірі қалу үшін жан аямай арпалысты. Бұған кейінгі Хиуа, Қоқан хандығында, патшалық Ресей бодандығында болған жылдарды қосыңыз.

Айталық, салыстырмалы түрде қазақ жаугершіліктен сәл де болса тыныс алған қысқа кезеңдерде не істеп, немен шұғылданған? Бұл орайда, мысал үшін, Абай өмір сүрген XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басындағы оқиғаларға тоқталайық. Сол оқиғалардың кешегі пандемия күйзелісі басталғанға дейінгі – бүгінгі жаңа қазақтардың өміріне тым ұқсас болғанын білесіз бе?!

Намыстан өртеніп кете жаздайсың, бірақ шындықты мойындамасқа тағы амалың жоқ. Себебі біздің мақтаншақ, даңғой екенімізді талайлар айтып кетті. Оның мысалын мыңдап келтіруге болады. Бір мәдениет қайраткерінің желідегі жазбасынан келтірейін. Ол белгілі адамдардың жазғанына сүйене отырып, XIX ғасырдың басындағы оқиғаны былайша баяндапты: «Бір ғана Нұрмағанбеттің дәулетін оның әкесі Сағынайға жасаған асынан көреміз. Сәкен Сейфулиннің «Тар жол тайғақ кешуінде» Сағынайдың дәулеті сөз болады. Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасында, Сәкен Жүнісовтің «Ақан серісінде» аталған астың ауқымы мен оған кеткен астатөк байлық суреттеледі. Нұрмағанбет, пан Нұрмағанбет болыс болған. Үлкен болыс басқарған. Пан Нұрмағанбеттің әкесі Сағынай», – дейді әлгі оқымысты.

Содан кейін «...Тіпті кей деректерде үнді жерінде бой көтерген Тәж-Махал кесенесіне жұмсалған қаржыдан Сағынайдың асына жұмсалған дүние асып кетеді. Қазақ даласының дәулетін суреттейтін мұндай ас жер-жерде болып отырған. Сағынайдың асы 1886 жылы өтіпті. Ол асқа 500 ақ үй тігіліп, оған 500 бұқар кілем ілінді. 5 тонна шәй әкелініп, жаңа ыдыс-аяқтар Ташкент пен Қазан қалаларынан алынды. 10 мың көрпе-жастық, қонақтарға сыйлауға 500 бұқар шапаны әкелініп, Сібірден 500 бағалы аң терісі алынды. 20 мың қой, 100 жылқы сойылды...» деп қорытындыланған жаңағы жазба.

Ақмола облысының Ақсу руднигі (қазіргі Степногорск қаласының аумағы) маңында дүниеге келіп, сол жерде мәңгілік қонысын тауып, ел «Пан Нұрмағанбет» деп атап кеткен Нұрмағанбет Сағынайұлы (1848-1925) қоғам қайраткері, асылтұқымды жылқы өсірген ірі бай, саяхатшы, ұлттық этнографияны жаңғыртушылардың бірі екен. Меккеге төрт рет барып, өз қаражатына Шам (Дамаск) шаһарынан қажылыққа қазақ елінен келушілер үшін арнайы үй сатып алған. Ресейдің болашақ патшасы II Николайды Омбыда қарсы алу рәсіміне қатысып (1891), тақ мұрагеріне 1000 бас жылқы үйірін, кейін Нижний Новгород, Париж жәрмеңкелеріне қойылып, қазір Санкт-Петербургтің Эрмитажында тұрған киіз үйді жасау-жиһазымен сыйға тартқан. II Жалпы қазақ-қырғыз съезіне (1917, Орынбор) қатысып, Алаш қозғалысына қаржылай көмек көрсеткен. Алаш жұртының аяулы азаматтарының бірі пан Нұрмағанбет туралы сөз бола қалса көп жағдайда, өкінішке қарай, оның ел тарихында осындай бедерлі із қалдырған іс-әрекеттері айтылмайды да, ең алдымен, әкесі Сағынайға берген асы тілге тиек болады. Мұның да жөні бар шығар. Өйткені, Ақан серінің желдей жүйткіген Құлагеріне осы аста қастандық жасалып, соңы қазақ даласын дүр сілкіндірген қайғылы уақиғаға айналғаны рас. Содан бері бір ғасырдан астам уақыт өтсе де, Ақан тұлпарының кенеттен қаза болуына нақты кім кінәлі деген сұрақ төңірегінде ашылмаған сыр, шешілмеген түйін әлі де бар екені жасырын емес. Біздің пайымдаумызша, пан Нұрмағамбет зиялы адам болған. Бірақ өмір, тарих өткелектері әрдайым күрделі. Енді өткенге тоқталайық. Сол тарих қазақ үшін өте ауыр болған.

...Ұлттық қауіпсіздік саласының ардагері Амантай Кәкен 2004 жылы Алматыда шыққан «Северо-Казахстанская область» деген энциклопедияда В.Черниковтің «Құл саудасы» деген мақаласы жарияланғанын айтып, одан деректер келтіреді. Автордың айтуынша, Сібір аймағында (бұған қазіргі еліміздің солтүстік өңірі де кіреді) құл саудасымен айналысу 1737 жылы орыстың әйел патшасы Анна Иоановнаның жарлығымен заңдастырылған екен. Қазақ халқының жоңғарлармен үздіксіз қақтығысы, Хиуа хандығының орыс иелігіндегі жерлер мен қазақ ауылдарына дүркін-дүркін шабуыл жасауы жауласқан екі жақтан тұтқынға түсіп, құлға айналғандардың санын көбейте түсуіне себеп болған. Жұт жылдары кедейленген қазақ отбасылары өлімнен құтылу мақсатымен балаларын құлдыққа сатты. Кейін патшаның қарамағында басыбайлы кісілері бар адамдарға құлдарды сатып алу немесе оны тауарға айырбастап, соңынан шоқындыруға құқық берілген. Ал орыс селосын толықтыру үшін қазақ қыздарын сатуға XIX ғасырға дейін рұқсат етілген.

Қазақ халқының сол кездегі өте ауыр жағдайын отарлаушы билік те жақсы білген. Айталық, сол кездегі Ресейдің Александр I патшасы Орынбор губернаторы Волконскийге жазған хатында (25 мамыр 1808 ж.) «Орынбор маңындағы көшіп-қонып жүрген қазақтардың жағдайы өте ауыр, сондықтан олар қарақшылықпен айналысса, екіншіден, күн көру үшін балаларын Хиуаға апарып сатуға мәжбүр» деп жазылған.

Осыған байланысты болар, сол жылы орыс өкіметі Ресей құзырындағы басы бос азаматтарға қазақ балаларын сатып алуға немесе айырбастауға құқық берген. Алайда мұндай құлдар жасы 15-ке жеткенде бостандыққа шығарылатын көрінеді. Мұның өзі сонша бір қатал да заң емес сияқты. Өйткені осы өкім жарық көрместен бұрын қазақтарға, әскери қызметшілерге және басқа да үлкенді-кішілі шенді-шекпенділерге қазақтың әйелдерін, балаларын күштеп тартып алуға жол берілген.

1819 жылы Александр I патша қазақ балаларын сатуға болатын тағы да заң қабылдайды. 1832 жылы жарық көрген А.И.Левшиннің «Қырғыз-қазақ немесе қырғыз-қайсақ далаларының сипаттамасы» деген кітабында «базарда қазақ баласының құны 4 немесе 5 қап тары, қыз баланың құны 3-4 қап тары тұрады, сонда бір айдың ішінде жүз қазақ баласы сатылды» деп атап көрсетеді.

Қазақауылынынкедейленіп, азып-тозуына патша үкіметінің өзі қызу қолдау жасап, «әскери барлау» деген құрамаларды пайдаланған. Осындай әскери жасақтар 1830 жылы бір ғана Байбөрі болысынан 12 мың қой, 2000 жылқы, 1500 сиыр, 700 түйені айдап әкеткен. Мұнымен қоймай, олар балалар мен қыздарға қиянат-қысым жасап, оларды тұтқындап, алып кетіп, ал ересек ер-азаматтарды қырып-жойған. 1838 жылы сұлтан Қоңыр Құлжа мен орыс офицері Көшек Қасымов ауылының тоз-тозын шығарып, 21 қыз бала мен 8 әйелді күштеп әкеткен, 25 ер азаматты өлтіріп, 80 адамды түрмеге жапқан. Басыбайлы (крепостнойлық) еңбектерді қолданатын ірі тау-кен зауыттарының иелері мен орыс помещиктеріне I Александрдың арнаулы заңы бойынша қазақ балаларын құлдыққа сатып алуға рұқсат етілген. XIX ғасырдың басында, бір айдың ішінде 100 қазақ баласы әрқайсысы 4-5 қап қара бидай ұнына, ал қыздар 3-4 қап қара бидай ұнына сатылып кеткен.

Қазақ даласын зерттеуші ғалым Г.Н.Потанин өзінің бір жазбасында: «Сібір орыс-казак жасағы Ірбітке құл сату үшін қазақ даласына жиі-жиі жорық жасап тұрған. 1743 жылы қарашада жүзбасы Дороховтың 280 адамдық қарулы отряды қазақ даласына шабуыл жасап, 42 ер адамды құлдыққа сату үшін тұтқынға алып, 812 бас мал айдап кетті» дейді.

Қазақ қыздарын сатып алып күң ретінде ұстау XIX ғасырдың ортасына дейін жалғасып келді. Саудаға түскен қазақтардың (1737 жылғы дерек) құны 40 жастағы қазақ әйелі 12 сомға, 30 жастағы жігіт (әйелімен бірге) 1 ат, 1 құлын және 16 сомға, 16 жастағы бозбала 12 сомға, 20 жасар жігіт 15 сомға сатылған. Сол заманда аттың құны – 91,5 тиын болған.

Енді Зияда Ижановтың мына деректеріне зейін қойыңыз.

«1916 жылғы көтерілістің кезінде қазақ халқының көрмеген құқайы аз. Жазалаушы отрядтар, жергілікті казак-орыстар зұлымдықтың, айуандықтың, қаныпезерліктің, жауыздықтың адам төзгісіз алуан түрлі әрекеттерін жасады. Бұған еліміздің Орталық мемлекеттік архив құжаттары толық жауап береді.

Сол халық басына түскен ауыр тауқыметті көзімен көріп, басынан кешіргендердің бірі – Іргебай Далданбаев:

«...Орыстар жолыққан кез келген қазақты өлтіріп, Төте асуында жолға шанышқан ағашқа таңып кетті.

...Ал әйелдерді өлтіріп, баласын құшақтатып кетті.

...Қалмақтар «Бұлақ» деген сайда қыз-келіншек, бала, кемпір-шал демей кез келгенін өлтірді. Қытайлар көштегі көзге түскен сұлу қыз-келіншектерді зорлап алып кетті.

...Ел аштықтан ісіп-кеуіп, жүре алмай, шапқан шөптей болып әр жерде, жол жағасында төбе-төбе болып үйіліп қалды. Қалмақтардың иттері өлген адамдардың етін тойғандықтан жемеді.

Әр туырлықтың астында 3-тен, 4-тен өліп қалған жас қыз, келіншек, шалдарды көрдік. Өлген кісінің басын домалатып, біріне-бірін ұрып, доп қылып ойнап жүрген қалмақ балаларын көрдік.

...Ал орыстар күнде шабуыл жасап, малды, керекті көрпе, кілем, сәукеле, маржан, тайтұяқ, жамбы іздеп, берсе қолынан, бермесе өлтіріп, алғаннан қалған мүлікке өлтірген адамды орап өртеді» деп еске түсірген.

Босқын елдің басынан өткен қырғынды Додабай Сәрсенбайұлы өз естелігінде былай көрсетеді: «...7 мың түтін көшіп, қалмақ жеріне өттік. Текес суынан 7 мың түтін үш күн шұбырып өттік. Суға кеткен қатын-бала судың бетін сеңқылды».

«...Қарақиында (Атбасар уезі – З.И.) өткен бір күнгі соғыста жазалаушылар көтерілісшілерден 11 кісіні өлтіріп, 70 қос, 81 түйе, көптеген киімді олжа қылды. Одан кейін Шашты тауында 50 қораны өртеп, Жантайұлын екі баласымен өлтірді. Кешенде 82 қораны өртеп, 27 адамды өлтіріп, талап алған дүние-мүлікті 250 арбаға тиеп, 700-800 ірі қараны айдап кетті» деп жазады оқиғаны көзімен көрген Мұқаш деген кісі.

Сабырбек Қожанұлының естелігіне де назар аударалық: «...Қаны қас орыс мұжықтары әр жерде масақ теріп жүрген адамдарды атып өлтіріп кете беретін болды. Қайнардан 15 шақырым Құрсайда отырған үш үйдегі 21 жанды Шоңқыбай дегеннің үйіне қамап өлтіріп, ақырында өртеп кетті» деп жазған.

Елдің іргесі сөгіліп, Қытайға босқыншылыққа ұшырап, ол жақта да байыз тауып, басына бақыт қонбағаннан кейін, «ел тыныштанды» деген хабармен елге оралғандардың да көрген тозағы, тартқан азабы шаш етектен»...

Оқып отырсаң, жаның түршігеді. З.Ижанов бұл фактілерді өкімет басына келген большевиктердің тергеу материалдарынан келтіріп отыр. Ал одан кейін қазақтардың сол «қызылдардан» көрген құқайын көпшілік жақсы білетіндіктен, белгілі жайттарды қайталауды жөн көрмедік. Сонда бүгінге дейін қазақ жоғарыда әңгіме етілген XVIII-XXI ғасыр аралығындағы 320 жылдың салыстырмалы түрде алғанда 50-60 жылын ғана тыныштықта өткізіпті.

Кешегі 90-жылдары тәуелсіздіктің алғашқы кезеңінде қазақ ала дорбасын арқалап, тағы безіп кетті. Содан 15-20 жыл дегенде, дәл айтқанда, 2006-2008 жылдары ес жиды. Бұл ес жию қазақтың дарындылығы мен еңбекқорлығынан пайда болған жоқ. Мұнай бағасы кешегі 2019 жылға дейін сәл-пәл ауытқығаны болмаса, ұдайы көтеріліп, 2015 жылдары барреліне 150-180 долларға жетті. Астатөк байлықтан естен тандық, ақшаның көптігі соншалық, ол бюджет қазанының ернеуінен асып төгілді. Коррупция белең алды.

Әрісін айтпағанда, қазақ соңғы үш ғасырдан астам қасіретке толы ғұмырының тыныштықта өткен 50 жылын той-думанға, орынсыз шашылуға арнапты. Кешегі 2000-2019 жылдары үрім-бұтағын дәріптеуге арналған басқосулардан, әртүрлі мақсаттағы той-томалақтан бір арыла алмадық. Тұп-тура осыдан 150 жыл бұрынғы Нұрмағанбеттің әкесіне жасаған асындағы жағдай тағы қайталанды. Бүгінгі қазақ XXI ғасырға қадам басты. Әлем өзгеруде. Біз әлі де той тойлап жатырмыз...

> ***Бір мәдениет қайраткерінің желіде жазбасынан келтірейін. Ол белгілі адамдардың жазғанына сүйене отырып, XIX ғасырдың басындағы оқиғаны былайша баяндапты: «Бір ғана Нұрмағанбеттің дәулетін оның әкесі Сағынайға жасаған асынан көреміз. Сәкен Сейфулиннің «Тар жол тайғақ кешуінде» Сағынайдың дәулеті сөз болады. Ілияс Жансүгіровтің «Құлагер» поэмасында, Сәкен Жүнісовтің «Ақан серісінде» аталған астың ауқымы мен оған кеткен астатөк байлық суреттеледі. Нұрмағанбет, пан Нұрмағанбет болыс болған. Үлкен болыс басқарған. Пан Нұрмағанбеттің әкесі Сағынай», – дейді әлгі оқымысты.***

> ***Әрісін айтпағанда, қазақ соңғы үш ғасырдан астам қасіретке толы ғұмырының тыныштықта өткен 50 жылын той-думанға, орынсыз шашылуға арнапты. Кешегі 2000-2019 жылдары үрім-бұтағын дәріптеуге арналған басқосулардан, әртүрлі мақсаттағы той-томалақтан бір арыла алмадық. Тұп-тура осыдан 150 жыл бұрынғы Нұрмағанбеттің әкесіне жасаған асындағы жағдай тағы қайталанды. Бүгінгі қазақ XXI ғасырға қадам басты. Әлем өзгеруде. Біз әлі де той тойлап жатырмыз...***

1-бет

9 ШІЛДЕ – СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

Ежелгі дәуірлерден бері Сыр елінің негізгі тіршілік көзі Сырдарияның суы екені белгілі. Жүздеген жылдар бойы диқан қауымы дариядан тартқан тіршілік нәрімен егінін егіп, тіршілігін жасап келеді. Ал арнайы су шаруашылықтарының құрылып, жұмыс істей бастағанына да ғасыр толып отыр екен.

Су – тіршілік нәрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 31 қазандағы №689 қаулысымен 9 шілде «Су шаруашылығы қызметкерлерінің мерекесі» болып бекітілді.

Кеңес үкіметі орнасымен 1920 жылы Перовск уездік су округі, 1923 жылы Ақмешіт су округі, 1924 жылы Қызылорда және Қазалы су округтары болып Түркістан Орта Азия федеративтік республикасының Сырдария облыстық су шаруашылық бөліміне бағынды.

Өңірдің шөлейтті және шөлді аймақта орналасуына байланысты, облыстың егіншілік саласы негізінен суармалы жүйеге бейімделген. Сондықтан, суармалы жерді тиімді пайдалану – облыстағы ең маңызды мәселелердің бірі.

Алғашқы рет егістік жерді шағын көлемде тегістеу жұмысы 1954 жылы «Суландырудың жаңа әдісіне көшу» деген атпен басталды. Осыған байланысты барлық жерде ММО (машинно-мелиоративный отряд) құрылып, 1957 жылға дейін мыңдаған гектар жер тегістеліп, гидротехникалық құрылыстар салынды.

Сол уақытта облыстық су шаруашылығына қарасты 8 аудандық су шаруашылығы басқармасы, «Қызылордаремводстрой» тресі, 7 аудандағы жылжымалы мехколонна (ПМК), автобаза, аудандардағы автоколонна УПТК қарады. 1995-1999 жылдары қайта құру кезеңінде аталған мекемелер таратылып, қарауындағы техникалар, мүліктер, т.б. заттар жұмысшы-қызметкерлерге айлық есебінен беріліп және аукционға қойып сатылады.

Бүгінгі таңда облысымызда 265,4 мың гектар суармалы жердің 172,5 мың гектары инженерлік жүйеге келтірілді және олар 5 суармалы алқапта орналасты. Суармалы жерде республикалық меншікте 2300 шақырым магистральді және шаруашылықаралық каналдар, 900 шақырым шаруашылық қашыртқылар, олардың бойында 544 гидротехникалық құрылыс, 4 су торабы, 1 плотина, 2 су тастау құрылысы, «Бесарық», «Жиделі» су қоймалары орналасқан. Одан басқа, ішкі шаруашылықтарда 11900 шақырым су жүйелері, 10200 шақырым қашыртқылар, олардың бойында 24000 дана гидротехникалық құрылыстар бар.

Қазіргі уақытта филиалға қарасты 13 өндірістік учаске болса, барлық қызметкерлер саны 780-ді құрайды.

Қыс айларында елді мекендерді су басу қаупін сейілту мақсатында Сырдария өзенінен саға алатын барлық каналдар жыл сайын ашылып, ескі арналардың бұрынғы іздерін тазарту жұмыстары жүргізіледі (Атап айтқанда, Шиелі ауданындағы «Көксу» және Жаңақорған ауданындағы «Сумағар» каналдарында).

Филиалдың негізгі қызметі-жыл сайын Сырдария өзенінен Қызылорда облысындағы суармалы егіске 4,1 млрд текше метр және табиғатты сақтауға 1,2 млрд текше метр су лимитін су пайдаланушыларға бөліп беру. Осы су көлемін каналдар мен оның бойындағы гидротехникалық құрылыстар арқылы реттеу.

Бұл орайда, Тұрсынзада Есімжановтың су туралы мынадай өлең жолдары еске оралады:

Су жүргізер тіршіліктің
тамырын,
Су жоқ болса, тіршілік тамам
бауырым.
Судың біз біле тұра маңызын,
Көп болған соң ұмытамыз
қадірін, -

дейді.

Су – табиғаттың баға жетпес байлығы. Осы байлықтың сарқылмауына аянбай еңбек етіп жүрген «Су шаруашылығы» қызметкерлерінің орны ерекше. Егістікке су беру науқанында күнделікті ерте тұрып кеш жатады. Ал қыс айларында елді мекендерді су басып кету қаупін болдырмау мақсатында жұмыс жасайды.

«Қазсушар» РМК Қызылорда филиалы Су шаруашылығы қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен шын жүректен құттықтайды!

Еліміздің өркендеуі жолында атқарып жатқан игі қызметтеріңізге табыс, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық пен құт-береке тілейді!

Аталған сушылар мейрамы қарсаңында су шаруашылығы мамандарының атқарып жатқан елеулі жұмыстары ескеріліп, Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінен, Су ресурстары комитетінен, «Қазсушар» республикалық мемлекеттік кәсіпорнынан және Қызылорда облысы әкімдігінен алғыс хаттар мен құрмет грамоталары берілді.

Мерекелеріңіз құтты болсын!

Жорабек ЕРНАЗАРОВ
ҚР Экология, геология және табиғи ресурстары министрлігі Су ресурстары комитеті «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалы директорының орынбасары

Сала ардагерлері марапатталды

Су шаруашылығы қызметкерлері күніне орай «Нұра» топтық су құбыры республикалық кәсіпорнының «Арал» салынып жатқан кәсіпорындарының бірлескен дирекциясы филиалында салтанатты жиын өтті. Кәсіби мерекеге орай өткен жиында филиал директоры Алтынбек Есенов сала қызметкерлері мен ардагерлерін құттықтады.

– Өзінің білімі мен тәжірибесін, кәсібіне деген құрметті ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп келе жатқан су шаруашылығы қызметкерлерін мерекемен құттықтаймын. Сала ардагерлері мен мамандарға адал еңбектері үшін ризашылық білдіргім келеді. Өңірде су шаруашылығын дамытуға баса назар аударылып, маңызды міндеттер іске асырылуда. Барша сала қызметкерлеріне зор денсаулық, шаңырақтарына береке, жұмыстарына табыс тілеймін, – деді А.Есенов.

Сыр жұртшылығының негізгі тіршілік көзі – Сырдария суы десек, бүгінде іргелі кәсіпорын аймаққа қарасты 187 елді мекен, 405 мыңнан астам халықты үздіксіз сапалы ауызсумен қамтамасыз етіп келеді. Аймақта Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандарындағы және Қызылорда қаласындағы оқшау су жүйелері арқылы 88 елді мекен ауызсумен қамтылған. Оқшау су жүйелеріне қосылған тұтынушыларға жылдық таратылған ауызсу көлемі – 4841,2 мың текше метр. Сондай-ақ, «Арал-Сарыбұлақ», «Октябрь», «Жиделі» топтық су құбырларына 99 елді мекен қосылған. Олардағы ауызсу тұтынушыларына жылдық таратылған ауызсу көлемі 9 862,9 мың текше метрді құрайды.

Осылайша тұрғындарды ауызсумен қамту Сыр бойындағы шешімін тапқан басты мәселелердің қатарында тұр. Орталықтар мен шалғайдағы елді мекен тұрғындары да судан зәрулік көріп отырған жоқ. Жыл басында берген есебінде аймақ басшысы Гүлшара Әбдіқалықова өңір тұрғындарының 97 проценті орталықтандырылған ауыз су желісіне қосылғанын атап өткен еді. Филиал директоры облыста қалыптасқан қиын жағдайда салаға айрықша жауапкершілік артылғанын атап өтті.

– Халқымыз «Өмірдің денесі – жер, қаны – су, жаны – еңбек» дейді. Шындығында, өмірдің қантамыры – су жолдарын ақаусыз жұмыс істетіп, бүкіл жаратылыс әлеміне жан бітіретіндей етіп, су мен жерге еңбек етканде ғана ел мен жер байлығы молаяды. Сондықтан су мен жердің тиімділігін арттыру арқылы ел байлығын молайту – парызымыз, – деді ол.

Жиында су шаруашылығы саласының ардагерлері марапатталды. Атап айтқанда, сала ардагерлері Сара Кәрібаева мен Шыңғыс Мамбетжанов ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің «Су шаруашылығының ардагері» төсбелгісін иеленді. Сонымен қатар, Нұрбек Аймағамбет пен Марат Наурызбаев III дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелгісімен марапатталды. «Қызылорда қаласының оқшау сумен жабдықтау жүйелерін пайдаланушы» өндірістік бөлімшесінің шеберлері Абай Ибадуллаев, Айғабыл Орынбаев, Самигулла Малиев және Бақыт Дихамбаевқа «Су шаруашылығының үздігі» төсбелгісі табысталды.

Мұнан бөлек, «Арал» СЖКБД филиалының бірқатар өндірістік бөлімше қызметкерлері ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің, «Қазсушар» РМК бас директорының «Құрмет грамоталарымен», Су ресурстары комитеті төрағасының «Алғыс хаттарымен», Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің салалық кәсіподағының, «Қазақстан су шаруашылығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорны қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағының «Құрмет грамоталарымен» марапатталды.

«СБ» ақпарат

Су шаруашылығының шежіресі

Сыр өңірі – суармалы егіншіліктің туын тіккен өлке. Инженерлік жүйедегі суармалы жер – Қызылорда облысын өзге аймаққа ұқсамайтын, ерекше өңір ретінде айғақтайтын маңызды қазына. Өнегелі еңбек үлгісін көрсетіп кеткен шоқтығы биік тұлғаларымыз негізін қалаған саланың өзіндік терең тарихы бар.

Өңірімізде ғана емес, еліміз бойынша бірегей мәдени нысан – Тасбөгет кентіндегі облыстық су шаруашылығы музейі. Онда аймақтың су жүйесі тарихы туралы құнды деректер сақталған. 2002 жылы «Қызылорда» су торабы мекемесі негізінде құрылған музей материалдарын инженер-гидротехник Мәделхан Нәлібаев жинаған. Өмір бойы салада еңбек еткен құрметті гидротехник 1994 жылы зейнетке шыққаннан кейін, еліміздің ешбір аймағында бұрын-соңды болмаған су шаруашылығы музейін жасақтауға біржола кіріскен.

Мұндағы ең құнды жәдігер мұрағаттық фотосуреттері бар альбом – Қызылорда плотинасы құрылысының шежіресі. Алып құрылыс 1945 жылы басталып, 1956 жылы аяқталған. М.Нәлібаев сол кезден-ақ тарихи маңызға ие нысан құрылысының құжаттары мен фотосуреттерін жинауды бастаған. Негізгі материалдарды плотина құрылысы туралы күнделік жазбаларын құрылыстың алғашқы күнінен соңғы күніне дейін жұмыс жасаған Алексей Николаевич Киселев қалдырған.

– Үлкен құрылыс алаңы ашылған жылы құрылысшылар болмады, құрылыс материалдарын, керекті механизмдерді табу да қиын болды. Қиындықтан шығу үшін асар жасап, барлық аудандардан жастар қалаға жіберілді, олар үшін құрылыс мектептері ашылды. 1946 жылы КСРО үкіметі плотинаны салуға 1200 әскери тұтқынды жұмылдыру туралы шешім қабылдады. Бір жылда олар он тұрғынжай, монша, асханалар мен қоймалардан тұратын лагерь құрылысын аяқтады. Бірақ олардың негізгі жүктемесі жер қазу жұмыстары болды. 1946-1947 жылдың қысында қатты аязда әскери тұтқындар себетпен су бұру қондырғысынан 60 мың текше метр топырақ шығарды. 1947 жылы Кеңес үкіметі құрылыс алаңына көмек көрсету туралы қаулы шығарды. Жүзге жуық көлік, жылжымалы электр станциялары мен дизельді генераторлар әкелінді, – дейді музей қызметкері Жұмагүл Құрымбекова.

Сол кездегі еңбек құралдары – кетпен, күрек, қарапайым инженерлік құрылғылар да бар. Плотина құрылысының соңғы жылы маусым айына дейін бетон жұмыстары аяқталды, қақпалар мен гидравликалық көтеру құрылғысы орнатылды. 1956 жылы 5 маусымда қабылдау комиссиясы су жіберіп, қақпаларды сынап көруге рұқсат берді. Құрылысшылар сынақ кезінде анықталған ақауларды жоюды 23 маусымда аяқтап, сол күні су жаңа арнамен өтті. Плотина пайдалануға берілгеннен кейін аймақ тарихындағы жаңа кезең – күріш өсіру саласын дамыту қарқын алды.

Бүгінде сол құрылыстың көптеген фотосуреттері сақталған. М.Нәлібаев қырық жылдан астам уақыт бойы Қазақстанның бүкіл оңтүстік өңіріне арналған суару жүйесін құру бойынша баға жетпес деректер жинаған. Атап айтсақ, Сырдария бассейнінде су қоймаларын салу мақсатында 1908 жылы аймақта жүргізілген алғашқы зерттеу құжаттарының түпнұсқаларына дейін сақтаулы. Бұл құжаттардың 1915 жылы басылып шыққан жинағы да осында.

Сонымен қатар, аймақтың су шаруашылығының даму шежіресі бар. Мысалы, өткен ғасырдың басында жасалған құжаттар ішінде орыс және араб тілдерінде жазылған облыстың мұраптары үшін жасалған ережелер. Бір сөзбен айтқанда, мұнда облыстың су шаруашылығының 1917 жылдан 2003 жылға дейінгі дамуына байланысты құжаттар жинақталған.

Деректерге сүйенсек, өңірде алғашқылардың бірі болып жер-су реформаларын жүргізіп, жаңа арналар тартуға және ескі арналарды қалпына келтіруге қатысқан сала ардагері – Серікбай Бедебеков. Ол кезде арнайы техника, тракторлар болмаған соң, барлық каналдар кәдімгі кетпен-күрекпен қазылған. С.Бедебеков басшылығымен Сырдария, Жалағаш және Шиелі аудандарына каналдар тартылды. 1928 жылы Сырдария бойында Қызылордадан «Қаракеткен» станциясына дейін жалпы ұзындығы жүз шақырымнан асатын тасқын судан қорғану бөгеттері салынды. Сол жиырмасыншы жылдары суару картасы алғаш рет қолданылды.

Музей фотосуреттері, альбомдар мен стендтерде жобалау және құрылыс ұйымдарының командалары, жетекші инженерлер, құрылыс алаңдары, су қондырғылары, бөгеттер, көпірлер көрініс тапқан. Баспасөзде жарық көрген түрлі каналдардағы бригадалар қызметі туралы репортаждар, очерктер, гидротехникалық құрылыстар модельдері, сумен жабдықтау тақырыбына арналған кітаптар, карталар, ғылыми еңбектер қойылған.

Құнды деректер қатарында Кіші Аралды қалпына келтіру жұмыстары, теңіз табанынан ежелгі кесене қирандыларының қалай табылғаны туралы мәліметтер бар. Сондай-ақ, өзендер, аймақтың табиғи су айналымы диаграммалар арқылы көрсетілген. Мұнан бөлек, гидротехниктер өз жұмыстарында қолданатын барлық құрылғылар, егін алқаптарын суарудың ескі механизмдерінің бірі – шығыр макеті төрден орын алған. Жәдігерлер қоры әлі де толығуда.

Б.САҒЫНДЫҚҰЛЫ

БРИФИНГ

Балық экспорты 1,2 есе өсті

Облыс аумағында Кіші Арал теңізі, Сырдария өзені және 207 көл бар. Жылдық қуаттылығы 12,5 мың тоннаны құрайтын 9 балық өңдеу зауыты жұмыс істейді. Зауыттарда 500-ден астам адам еңбек етеді.

Бұл туралы Балық шаруашылығы қызметкерлері күніне орай өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының орынбасары Бауыржан Оспанов мәлімдеді. Брифингке «Арал-Сырдария» облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Жанқожа Сапаров та қатысты.

Өткен жылы облыста ауланған балық көлемі 9 процент артса, экспорт 2 процент ұлғайған. Жалпы, кейінгі бес жылда балық экспорты 1,2 есе өсті. Биыл тауарлы балық өсіретін шаруашылықтардың саны 30-ға жетпек.

– Облыста балық шаруашылығын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған өңірлік бағдарламасы аясында 2030 жылға қарай, облыстың тауарлы балық өсіру көлемін 16 мың тоннаға, балық экспортын 2 есе, тауарлы балық өндіру көлемін 111 есе арттырып, 500-ден аса жаңа жұмыс орнын құруды жоспарлап отырмыз, – деді Б. Оспанов.

Ал, «Арал-Сырдария» облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы басшысының орынбасары Ж.Сапаров облыс бойынша 2030 жылға дейін жылына 12950 тонна балық шығаратын 16 шарбақтық шаруашылық, балық өңдеу қуаты 1200 тонна тауарлы балық өсіретін 12 шаруашылық құру, 400 тонна болатын 3 тұйықталған жүйелі сумен қамтамасыз етілген және 1450 тонна балық өсіретін 55 көл тауарлы су айдындарын ұйымдастыру қарастырылғанын айтты. Сонымен қатар мерекеге орай бірқатар қызметкер инспекция тарапынан «Балық шаруашылығы саласында мінсіз қызметі үшін» төсбелгісімен, «Құрмет» грамотасымен марапатталмақ.

«СБ» ақпарат

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Ақ жауын сынды төкпелеп...

Аманат
Толғау

Адамзат тегін қозғасаң,
Табасың бастау Алладан.
Адам Ата, Хауа Ана,
Жұмақта жұпты бастаған.

Ұйғарым солай мәңгілік,
Біріне-бірін сән қылып,
Жаратушы құп көрген,
Махаббатты пір тұтып!

Тіземіз әлі мұздайды,
Бір қабырға сыздайды.
Ақиқат нұры аңыздан,
Хақ бұйрығын бұзбайды.

Ай-күні тоят тоғыздан,
Алғашқы ұрпақ жар салған.
Қайта оралу жұмаққа,
Содан бергі ізгі арман!
***
Хош иіс, уіл, іңгәсі,
Сәбидің бөлек бағасы.
Ана мейірі аялап,
Бесіктен шашу шашады.

Балалық шақ шыңдайды,
Ойынға әсте тоймайды.
Өнер, білім ұштасып,
Бәйгеден ұпай жинайды.

Қадірлеп өскен ортаны,
Ауылдас, бауыр, достарды,
Қолғабыс жасап баршаға,
Алғыстан рахат табады.

Он сегізге емінген,
Қыз-бозбала сезінген,
Бейкүнәлік осы ғой,
Ай-жұлдызға телмірген!

Жиырма бесте желпінген,
Нақсүйерге еліткен,
Таразы басын теңселтпей,
Татулық үшін келіскен!

Отызында ойқастар!
Қатарында көш бастар,
Заманға сай талабы,
Ертеңіне ой тастар.

Қырқында тізгін тежеген,
Төрден орын көздеген,
Арқа тосып ауырға,
Құлашты кеңге сермеген!

Елуде есе жібермес,
Арына атақ тең келмес,
Талқыға салар тарпаңды,
Беделді жалған елемес!

Алпыста бәрін түгендер,
Айбатты асау жүгендер,
Ұлт ұятын қорғаштап,
Дәстүр мен тілді бүтіндер!

Жетпісте артқа қарайлап,
Көш бағытын абайлап,
Ел мен жерге аландар,
Намысты жаныр атойлап!

Сексенде салтаң серідей,
Тау-тас кезген бөрідей,
Қазақи дархан жүрегі,
Бабадан қалған көрмедей!

Тоқсанда төсек көмекші,
Әрі қарай көмескі,
Шапанның өзі ауырлар,
Жүздің соңғы белесі!
***
Толғау – тәлім түйіні,
Әр шаңырақ кепілі,
Бақыт дейтін бақшада,
Адамзаттың жемісі.

Немере, шөпшек, жұрағат,
Нағашы, жиен ұрандат,
Құда-жекжат, ағайын,
Ынтымақ түбі – қанағат!

Жаңұя деген тамаша,
Несібе күтер таласа.
Бір әулет болып бір ауыл,
Жүз жылда бәрі жаңаша!

Осылай өмір өтеді,
Керуен ұзап кетеді.
Атадан қалған өсиет,
Аманат болып жетеді!

Жетер енді!

Сырын білмей әркіммен
жанасамыз,
Болмашыға өзеуреп таласамыз.
Мойындамау мықтыны
мүмкін емес,
Бәріміз де халықтан аласамыз.

Табиғатқа тізені батырамыз,
Жұмыр жердің асты да,
үсті де аңыз.
Аспанға да тыныштық бермей
жүріп,
Тәубасына тәңірдің бағынармыз.

Қиналғанда жақынды сағынамыз,
Бас пайда үшін күштіге жағынамыз.
Адалдықты арамдық арбап жатыр,
Қысқа өмірде несіне құбыламыз?!

Кейде асау, көбіне марғаулаумыз,
Желпінуде алдыға жан салмаймыз.
Қарсы алуға қимасты құрақ ұшпай,
Қоштасарда жанарға жас
алмаймыз.

Масаттанып орынсыз
талтаңдаймыз,
Хас талантқа табынып
таңданбаймыз.
Ұғысуды ұмытып, суық тартып,
Біріміздан-біріміз алыстаймыз.

Аптығамыз, оң-солға аландаймыз,
Жүйріктерді жазғырып
табалаймыз.
Бармақ тістеп соңынан опынғанша.
Біз қашан өзімізді бауырлаймыз?!

Қанағаттан қашықтап адасамыз,
Астамшылық дертіне шалдығамыз.
Дұғаны да тыңдаймыз пенделікпен,
Батаға да сын көзбен қол жаямыз.

Кәсіп іздеп қашанғы сабыламыз,
Бақырына сараңның жалданамыз.
Маңдай тердің өтеуі бағаланбай,
Бұйырғанға амалсыз малданамыз.

Күрессіз торығуды құп алмаймыз,
Кешірім, келісімсіз жұбаулаумыз.
Жеңісі аз, итжығысы көп тағдырда,
Іштарлықты иманмен тұсаулаймыз.

Баба тарих төрінен табылмаймыз,
Шежіреден шатасып бұлтақтаймыз.
Өсек-аяң, даңғаза жетегінде,
Көкжиектен ұялған сағымдаймыз.

Жұбату

Жұбатқан сайын мұңайдым,
Жыртығын көңіл жамаймын.
Пәниде мынау қас-қағым,
Өзімді олқы санаймын.

Өмірде бәрі өткінші,
Ұзаттық ұзақ көп күнді.
Тіктелген дұрыс егілмей,
Жеміс те күтер ұзгенді.

Жүрейік жиі жымиып,
Бүркенбей іштей тымпиып.
Сыбызғы үнді сыр қымбат,
Кешіруден гөрі наз биік!

Ысырған көңіл пердесін,
Арайлы таңдай еркесін.
Тағдырға айла жүрмейді.
Қоштасты бақыт ерте тым.

Көргем жоқ іздеп ықтасын,
Жаратқан ғана жақтасын.
Қиянат қылмай ешкімге,
Ғайбаттан арым сақтасын.

Таусылмас сезім жыр-әні,
Сусиды желмен гүл дәні.
Мүсіркейтін жан болса,
Әйтеуір біреу кінәлі!

Бойдан қуат кеткенше,
Көктен бұйрық жеткенше.
Түгенде обал-сауапты,
Болдым-толдым дегенше!

Жолы болған күндемес,
Жауабы жоқ үндемес,
Талаптан да қанат қақ,
Күтеді алдан бақ белес!

Қызғаныш емес қызығу,
Жарасым сәні – ұғысу,
Қателік аяқ астында,
Құбылудың өзі – тұтылу!

Сөз бастаған сыр түйіп,
Шешеннің тілі тұңғиық.
Төрелік күтіп тұрғандай,
Тыңдасыншы ел ұйып!

Сынақтармен сырласу

Қиялға ғана көнемін,
Шабытқа кәміл сенемін.
Қаламды ұштап қиқулап,
Ақ параққа төнемін.

Ой азабы дегенім,
Санаға сүзгі екенін.
Сезім сұлу ұқтырды,
Сейілді жұмбақ секемім.

Елеске қалай жетемін?!
Сахара кезіп желемін.
Құс-көңіл ұшпай тұрмайды,
Қанатым талса қайтемін?!

Түн тосады төсегін,
Тауысып күндіз өсегін.
Сағыныш шөлі қысқанда,
Естелік теңізін кешемін.

Шынарды дауыл сұлатар,
Сатқындық досты жылатар.
Жаураса жаның сол қиын,
Тоңғанды ошақ жылытар.

Сәтсіздік жолды байлайды,
Күрессіз жеңіс болмайды.
Бақ пен сордың арасын,
Жалмауыз өткел жалғайды.

Жігерсіз жүрер мұнартып,
Қол жетпеске құмартып.
Дәуренге әурең жүрмейді,
Қайтеміз босқа кінә артып?!

Табысу қандай ғажап-ты,
Таласты кім қалапты?!
Үнсіздік атты наладан,
Аялау ғана жұбатты.

Шеше алмай өмір есебін,
Жалығып кейде кетемін.
Торығу түбі – таусылу,
Үміттен күтем есесін.

Кеудемді мұң-шер қысады,
Еліктей үркіп жосады,
Жазғыратын жөнім жоқ,
Сынақтар жауап тосады.

Ақ жауын сынды төкпелеп,
Қалмайды өлең өкшелеп.
Кейде осылай сыр ашам,
Өзіме ғана өкпелеп!

Тазалыққа табын!

Ашып қара көзіңді, асықпағын,
Абайлашы қарағым, қасыңда кім?
Алдамшы сөз, аяр жүз қақпайлайды.
Адалдықты арамдық басынбасын!

Ұсақталып кеткендей
үлкендік жол,
Жас буынның ниеті ақ, ақылы мол.
Көлгірсіген көсемсу адастырар,
Саудаласса ағалық – ең сұмдық сол!

Жылпостардың әдеті төр жағалау,
Жағымпаздың мақтауы
құрау-жамау.
Міншілдер мен күншілден аулақ
жүргін,
Иман заңы – жүректі жараламау!

Сығалама есіктен, жалтақ болма,
Өз үніңді жоғалтпа талас барда.
Талаптыдан тасырлар озған емес,
Табандылық жарасар жас адамға!

Пенденің іші жұмбақ, сырты
құлып,
Сырласу, мұңдасуға жоқ қой құлық.
Өсекті қара судай сапырамыз,
Тазартады сананы қандай уыт?!

Шырмауық жауқазынмен
таласады,
Пасықтар пысықаймен жанасады.
Тарпаңдар жанталасып ұрынса да,
Тұлпарлар бәйге алдында
таң асады.

Бойымызды күтпейміз алаңдамай,
Өмірдің ерте-кешін бағаламай.
Сүрінеміз, ақыры жығыламыз.
Дер кезінде дауа іздеп жағаламай.

Бабаларды ұмытқан кейбір бейбақ,
Батағойді төрден де ығыстырмақ.
Періштеге күпірлік жасағандар,
Зауалына күнәнің ұшырамақ.

Сүрме жаққан сылқымдай
сыланданма,
Оңайды іздеп әркімге жылтыңдама.
Нәсілге де, нәпсіге тежеу керек,
Түзу бол мұсылмандық құбылаңа!

Өткен шаққа қарағын сын көзімен,
Бүгініңді бағала бал сезіммен.
Келер ұрпақ бәрін де ескереді,
Ізделгейсің болашақ бейнесінен!

Бас иемін

Түсімде туған жерде аунақтаймын,
Кепкен теңіз табанын
шаңдатпаймын.
Құт бесік кепиеті кешірер ме?!
Себеп іздеп тұрамыз аттаңдайтын.

Ой қауғам ауырлайды тартқан
сайын,
Тіретпейді табанды сары уайым.
Жел айдаған қаңбақтай қорғалақтап
Үміт-қорған ығында паналаймын.

Тас бүркеніп алған-ау «Терістүбек»,
«Үшшоқы» баяғыдан жүр өкпелеп.
Қарлығашқа қонақ үй болған
«Ақжар»
Бақалшақ төбешіктің күйін кешпек.

Ау салғыш шолақ айдын қуалайды,
Сүңгіттей қу қайықтар
қылтыңдайды.
Шонтайын сары сазан кергілейтін
Жылым қайық жағадан
жылжымайды.

Табиғат жаратушы мүсіншісі,
«Қыземшек» кейуанадай мүжіліпті.
Құдық біткен көміліп
жермен-жексен
Терең сай ылғал күтіп күрсініпті.

Біреу қаза болмаса жоламайды,
«Наушабай» зиратына дұға қайғы.
«Табияның» белгісі күзетіп тұр
«Тастүбекке» именіп сығалайды.

«Жылыбұлақ», «Қарабұлақ» нәрі
балдай,
Мал-жанның таңдайына май
жаққандай.
«Сарықұм» «Дәкі» арасын
шиырлаған
Жылқы, түйе табыны аңсатқандай.
Жалаңаш, Сарышығанақ,
Мергенсайым,
Қарашыңым мен үшін Қаратауым.
Шұғыласын шашатын шарайнадай
Сағынышпен сыңсиды жағалауым.

Өзгермейді тек аспан, ғажап әлем,
Тастөбеден жолдайды Үркер сәлем.
Адастырмас сақшыдай Темірқазық
Таңнан бұрын назданар Шолпан
сәулем.

Парыз атты кітапты парақтаймыз,
Желеп-жебер бабаға жалтақтаймыз.
Меккеге бару үшін ең алдымен
Атамекен ауылға бұрылғайсыз!

Махаббат музасы

Тамшылар төніп кеудені жуып
жатқанда,
Қозы-лақ, сәби ықпана іздеп
қашқанда.
Аспанға налу күпірлік және қателік,
Құдірет нұрын қалайды әркез
Жер-ана!

Жаурамас ешкім ақ жауын шашу
шашқанда
Ұялшақ сезім пердесін еппен
ашқанда.
Шымылдық шатыр қалқалап тұрса
керемет
Бұлқынған жастың денесі діріл
қаққанда.

Жамалы жәудір ай мен күндей
астасқан
Үлбіреп ерні жауқазындай бүр
ашқан.
Еліктей ару бұрғанда жүзін
арайлап,
Сүйріктей сері үздіге балқып
тіл қатқан.

Үкілі арман – бойжеткен мен
бозбала
Бірін-бірі қорғаштайды наздана.
Жас дәуреннің жарасымын паш
еткен
Бағың жансын ханшайым мен
ханзада!

Қыз сымбаты сұлулықпен бейнелес
Сұғанақтан аулақ жүрсе сүрінбес.
Ашылмаған аралдардай күтеді ол,
Табынарын тапқанша еш өкінбес.

Іштей жаулап, сырттай әбден
аңсайды
Күтуден де, күрестен де танбайды.
Шыда жігіт, жауап әлі беймәлім
Перизатың қандай таңдау
жасайды?

Күлімдесе сәруар самал ескендей,
Лағыл жүзін айна ғана өпкендей.
Паңдығына, пәктігіне қызығып,
Хордың қызы бақталасып
кеткендей.

Жақсы көру мазалайды осылай
Алақанды қысу қандай оп-оңай.
Қас-қағым сәт тым ұзақтау көрінер
Ұнатқандар ұғысса екен қоштаспай.

Үкілейсің үмітіңді үзбейсің,
Үкім жетсе түңіліп те кетпейсің.
Махаббаттың ләззатына не жетсін
Өміріңді гүлстанға теңейтін!

Сүйген жүрек бақ құсындай
қалықтар
Мұңайғанда түн күрсініп
дамылдар.
Періште арман сыбырлайды
ғарыштан,
Жұлдыздардай оңаша ғой
ғашықтар!

Жаңабай КЕМАЛ,
«Дарабоз» әдеби бәйгесінің
жүлдегері



МЕРЕЙ

Орманға қорған болған

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

Табиғат, орман, қоршаған орта, Жер-Ана – адамның қалыпты өмір сүруі үшін басты мәнге ие болған қасиетті де қастерлі сөздер. Ата-бабаларымыз аса көрегендікпен, кемеңгерлікпен: «Көзіңді қалдыр – бұлақ көзін аша жүр, ізіңді қалдыр – жақсылық мұра шаша жүр, өзіңді қалдыр – бау өсіріп жаса нұр» деген екен.

Бабаларымыз үш түрлі әрекетті теңдесі жоқ сауап деп білген: ол шөлге құдық қазған, өзенге көпір салған, жерге ағаш еккен. Атақты ғалым К.Тимирязев «Орманшы – ертеңгі күннің адамы» деген екен. Бұл қанатты сөздің астарында зор мағына жатыр. Бәлкім, сен бүгінгі еккен ағашыңның зейнетін өзің көре алмауың мүмкін, алайда келер ұрпақ сен отырғызған сол ағаш, сол орман үшін рахметін айтады. Әйтеуір бұл өмірде ағаш егіп, оны қорғаған адамдар есте қалады. Сондай жандардың бірі – орманшы Сақтаған Ешмаханов.

Бүкіл ғұмырын облыстың орман шаруашылығын дамытуға арнаған абзал жан өмірінің 75 жас деген белесіне шығып отыр. Кейіпкеріміздің басты қасиеті – ол қарапайымдылық. Сол қарапайымдылығының арқасында бойына адамгершілік, адалдық, шыншылдық, бауырмалдылық, жанашырлық қасиеттерді ұялата білді. Сақтаған осындай игі қасиеттерімен айналасына мейірім шуағын шашумен жүр. Ақиқаттың ақ жолынан адаспаған, ақыл-ой парасаты мол, өмір жолымен сүрінбей жүріп кемеліне келген азамат.

С.Ешмаханов айдынды Арал ауданының Ленин ауылдық кеңесіне қарасты Аққұм елді мекенінде 1946 жылы шаруа отбасында дүниеге келді. Ата-анасы қарапайым еңбек адамдары еді. Орта мектепті 1965 жылы бітіріп, Алматы қаласындағы қазақтың «Еңбек Қызыл Ту» орденді Ауыл шаруашылығы институтына түсті. 1970 жылы аталған оқу орнынан орман шаруашылығы инженері мамандығын алып шықты.

Талабы таудай азамат еңбек жолын Қазалы ауданындағы орман шаруашылығы мекемесінде орман инженері болудан бастады. Бертін келе, осы мекеменің бас орманшысы (директордың орынбасары) қызметін атқарды. Бір орында 40 жылдан астам тапжылмай қызмет атқарған орманшы маман облыста өте сирек, тіпті жоқ десек те болады. Оның еңбек кітапшасында бір жыл Қазалы ауданындағы қазіргі Ақтан батыр ауылы (бұрынғы Партияның XXII съезі атындағы кеңшар) директорының орынбасары, кейін үш жылдай Арал ауданы мелиорациялық станциясының директоры қызметтерінде болды деп жазылыпты. 45 жыл еңбек өтілімен 2009 жылы зейнеткерлікке шықты. Сәкең – еңбек жолында талай белестерден, өткелдерден өтіп зор абыройға ие болған қарапайым азамат. Туған жерінің табиғатын, халқын сүйген ол орманшы деген атақты өзінің басты кредосы етіп алды. Мамандығына шын берілген еңбек адамы онсыз өмірін елестете алмайды.

Еңбек жолында қажырлылықпен талай қиындықтарды жеңді. Білмегенін өмір үйретті, қателескен жерін өзі түзеді. Оны бүгінгідей қарымы кең азамат дәрежесіне жеткізген алдымен Құдай, сосынғысы тынбай еткен еңбегі, талпынысы. Ол еңбек еткен жылдары орман шаруашылығы мекемесі талай табыстарға жетті, өрттен, зиян бұзушылықтардан қорғау, көлемін молайту, ағаш көшеттерін өсіру жұмыстары белсенді жүргізілді. Мекеме облыста алдыңғы қатардан көрінді.

С.Ешмаханов Қазалы орман шаруашылығы мекемесінде еңбек еткен жылдар Арал проблемасымен бетпе-бет келген қиын кезең болды. 1990 жылдардың басында алғаш рет Аралдың құрғаған ұлтанына сексеуіл, сарсазан егу жұмыстары басталды. Мекеме осы жұмыстардың базалық орталығы болды. 1991-1994 жылдары облыстық орман шаруашылығы басқармасының басшысы болған Мұхитдин Исмайлов былай деп еске алады.

«...Ең алғаш Аралдың ұлтанын көргендегі көрініс естен кетпейді. Сұмдық көрініс. Айнала теп-тегіс, 10-15 см қалыңдықта жатқан ақ тұз бен борпылдақ құм. Адам аяғы салмағымен 4-5 елі борпылдақ жерге кіріп тұрады. Ұлтанда миллиондаған теңіздің жәндігі – ракушниктің қаңқасы. Ешқандай өсімдік, жәндік, жалпы тіршіліктің белгісі жоқ. Нағыз Айдың бетінде тұрғандай сезінесің. Адамның көзіне ешнәрсе көрінбегендіктен, басың айнала бастайды, оның үстіне жерде жатқан ақ тұздан сәл екпін болса да ақ тозаң ұшып жердің беті қозғалып тұрғандай әсер етеді. Басың одан бетер айналады...».

Міне, осындай жағдайда Аралдың құрғаған ұлтанына сексеуіл, сарсазан егу жұмыстарына облыстағы барлық орман шаруашылығы мекемелері қатысты. 1991-1993 жылдары 54 мың гектар жерге егілді. Қазір бұл жерге сексеуіл орманы өсіп, аң-құстардың мекеніне айналды. Бастысы, осы аумақтағы теңіз ұлтанынан тұздың ұшуы тоқтады. Мұнда жұмыс істеген адамдардың барлығын сол кезеңнің батырлары, ерлері деуге болады. Бұлар Аралдың құрғаған табанында жұмыс жүргізіп, теңіздің тамшысындай болса да өз үлестерін қосқан алғашқы қарлығаштар еді. Аралдың әлі де 3,5-4,0 млн гектар ашық жатқан ұлтанында бұл жұмыс жалғасын табуда.

Арал проблемасына байланысты 90-жылдары Ғылым академиясының академигі, Лениндік сыйлықтың лауреаты Э.Госсен, Ботаника институтының ғалымы, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Н.Курочкина, ауыл шаруашылығы ғылымдарын докторы, академик С.Байзақов, ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы С.Ысқақов, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, ғалым В.Каверин облысқа келіп жұмыстармен танысты. Солардың нақты ұсыныстарының нәтижесінде көптеген мәселелер шешілді. Ғалымдар мен облыстық басқарманың басшысы М.Исмайловпен бірге Аралдың табанына барғанда суырған ақ тұз бен құмнан, алапат дауылдан ешнәрсе көрінбейтін еді. Ғалымдарды Аралдың атақты балықшысы, Мемлекеттік сыйлықтың иегері Нарғали Демеуовтің ақ дастарханынан дәм татырғаны Сақтағанның әлі күнге дейін есінде сақталып қалыпты. В.Каверин бастаған делегация құрамында Өзбекстанға бірге барды. Бүгінде Арал қасіреті жайлы өмірлік тәжірибе жинақтағанын еске алады. В.Каверинмен оның өмірінің соңына дейін хат-хабар алысып тұрды.

Парасат-пайымы мол Сәкең көпшілік жиналған жерде әбестік танытпайды, мақтанып масаттанбайды, қарапайым қалпын сақтайды. «Ұлық болсаң, кішік бол» деп, көптен ерекшеленбейді, әдептен озбайды. Бекзат болмысы, адамдармен тіл табыса алатын ізгі қасиеттері үшін көпшілік құрмет тұтады. Сақтаған үшін ар-намыс пен абырой бәрінен де қымбат. Ол жақсыны да, жаманды да бір көргеннен дөп басып аңдайды. Өзімен сыйласып, сырласып жүргендердің қадір-қасиетін ұлық тұтатыны да содан болса керек.

Ат арқасына мінгелі Сәкең өмірдің ащы-тұщы дәмін тартты. Қамқор жандарды да, қайырсыз қатыгездерді де көрді. «Көре-көре көсем боларсың, сөйлей-сөйлей шешен боларсың» дегеннің не екенін жастайынан көңілге тоқып, ұғып өсті. Жақсылардың шарапатын, жамандардың кесапатын қатар көрді.

С.Ешмахановтың ел алдындағы ерен еңбегі ескерусіз қалған жоқ. Мемлекеттік орман және аң шаруашылығы комитетінің Құрмет грамотасымен, «Орман шаруашылығындағы үздіксіз қызметі үшін» I дәрежелі «Қазақстан орманын мінсіз қорғағаны үшін», алғашқылардың бірі болып «Еңбегі сіңген орман өсіруші» төсбелгілерімен марапатталды.

Өткен жылы орман қызметкерлері күні мерекесі қарсаңында облыс әкімінің Құрмет грамотасын алды. Басқа да марапаттарын санамалап шығу әсте мүмкін емес. Еңбекпен тапқан бақыт деген осы болар.

Қазір Сәкең облыстық орман, аң және балық шаруашылығы саласы ардагерлері бастауыш ұйымының төрағасы болып, қоғамдық жұмыспен белсене айналысып жүр. Тынымсыз жұмыс жасап, оны қаладағы іргелі қоғамдық ұйымға айналдырды.

Зайыбы Қаламқас жеңгеміз жұбайының қабағына қарап, отбасын ауызбірлікте, татулықта ұйытып отыр. Ол – ұзақ жылдар ауданда сауда саласында жемісті еңбек етіп, абыроймен құрметті еңбек демалысына шыққан жан. Қонақжай отбасының дастарханы жиылған емес. Жарасымды отбасында 4 қыз, 1 ұл, олардан 15 немере, 4 шөбере өсіп келеді. Барлығы әке-шешенің арқасында өмірден өз орындарын тапты. Тұрмыстағы қызы қайтыс болып одан қалған немересі Аяжанды қолына алып, тәрбиеледі. Оқытып, бой жеткізіп, кейін құтты орнына қондырды.

Сәкең – берген уәдеге берік жан. Ол үшін ағайын-туыс, дос-жаранға деген адалдық бәрінен де жоғары. Бақастық, іштарлық, көреалмаушылық, қызғаншақтыққа жаны қас. Бүгінде ақсақалдық кемел жасқа келіп отырған ағамызға еткен еңбегіңіздің рахатын көре беріңіз деп тілейміз.

Мырзамұрат ИБРАЕВ,
Жалағаш ауданының
құрметті азаматы

ЭВЕРЕСТ ФИНАНС МҚҰ
МИКРОКРЕДИТТЕР
✓ зейнеткерлерге (78 жасқа дейін) және жұмыс істейтіндерге
✓ кепілсіз
✓ алты жылға дейін
ОҢАЙ, ЫҢҒАЙЛЫ ЖӘНЕ ЖЫЛДАМ
ЭВЕРЕСТ Финанс
кереметт
% МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕР
1 000 000 ТГ дейін
Қызылорда қ., "Принт" баспахана ғимараты, Байтұрсынов к-сі, 49, 2 қабат, 3 кеңсе (№3 гимназияға қарама-қарсы)
тел. 8(7242) 92 52 25, 8708 363 59 45
03.03.2021 жылғы №09.21.0005.М лицензиясы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен берілген

«Nur Otan» партиясы халықтың өмір сүру сапасын арттыруға ықпал ететін бірқатар бағдарламаларды жемісті жүзеге асырып келеді. Солардың бірі – аға буынды жан-жақты қолдауға бағытталған «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы.

Sb Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы»

Ардагерлерге арналған орталық

Бүгінде жергілікті жерлерде бұл бағдарламалар нақты іске асырылып жатыр. Бұған «Думан-Шиелі» ЖШС арнайы әлеуметтік көмек көрсету орталығының жұмысымен танысу барысында көз жеткіздік. Аудан үшін қажетті әлеуметтік нысанды мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде жергілікті кәсіпкер Қанат Исмағұлов ашқан.

2018 жылдан бастап орталықта мыңнан астам зейнеткер медициналық-әлеуметтік және психологиялық көмекке қол жеткізген. Дәрігердің тағайындауы бойынша ардагерлер қажетті ем қабылдайды, соның ішінде балшық, массаж және басқа да медициналық процедуралар қамтылған. Орталықтың терапевт-дәрігері Ажар Қалымбетованың айтуынша, пациенттер мұнда әлеуметтік қорғау органдарынан жолдама алады. Емдеу және оңалту курсы әдетте бір айға созылады. Ардагерлер үшін күніне үш мезгіл тамақ ұйымдастырылған, дәрігердің тағайындауы бойынша асханада диеталық тағамдар дайындалады. «Думан-Шиеліде» бос уақытты тиімді ұйымдастыру да назарда. Мысалы, халық ақыны Кенжебай Жүсіпов бастаған Алғабас ауылы мәдениет үйі артистерінің өнеріне куә болдық. Бұған дейін де мұнда Өркен Исмаил, Пернебай Мәмбет және Әл Фараби Бекарысұлы секілді өнерпаздар ән-жырдан шашу шашқан екен. Орталық директорының әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Бақытжан Исламхановтың айтуынша, бүгінде барлық мәдени-көпшілік іс-шаралар санитарлық нормаларды сақтай отырып өткізілуде.

Орталықта 84 жастағы еңбек ардагері Тұтқабай Аңламасов үшінші жыл ем алып келеді. Ардагер орталықтың қызметі оңтайлы ұйымдастырылғанын алға тартып, барлық ардагерлер атынан алғысын да жеткізді. Спортқа жақын ақсақал үстел теннисінен өткен турнирде екінші орын иеленген. Осыған қарап, ардагерлерді жан-жақты демеп отырған орталықтың жұмысы жүйелі екенін байқауға болады. Оның үстіне нысан аудандағы жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне ықпал етіп отыр, мұнда 54 жергілікті тұрғын тұрақты жұмыспен қамтылған.

Тұтынушылар назарына!

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабы 6-тармағының талаптарына сәйкес, ШЖҚ «Қызылорда су жүйесі» МКК-ны «тұтынушылар мен өзгеде тұлғалар алдында 2021 жылдың I жарты жылдығының қорытындылары бойынша бекітілген тарифтік сметаның орындалуы туралы, бекітілген инвестициялық бағдарламаның орындалуы туралы, реттеліп көрсетілетін қызметтердің сапа мен сенімділік көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы есебін» 2021 жылдың шілде айының 30-шы жұлдызында, Желтоқсан көшесі №156 мекен-жайында сағат 11-00 өткізетінін хабарлаймыз.

2021 жылғы 3-тоқсанға арналған Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысының және департамент басшысының орынбасарларының жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау

КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә	Лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
Қызылорда облысының Әділет департаменті	Бакишева Ирина Джумабаевна	Департамент басшысы	сәрсенбі, жұма күндері сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 1-қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-51 23-10-09
	Оразгелді Ұзақбай	Департамент басшысының орынбасары	сейсенбі күні сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 1-қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-16
	Әлмеш Баукен Серікұлы	Департамент басшысының орынбасары	дүйсенбі күні сағат 15.00-ден 18.00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 1-қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-50

Ескертпе: Алыс қалалардан, аудандардан келген азаматтар күнделікті сағат 9-00-ден 18-00-ге дейін қабылданады.
Қызылорда облысының Әділет департаментінің сенім телефоны 8 /7242/ 23-10-09.

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: **70-00-52** телефоны арқылы байланысуға болады.
E-mail:smjarnama@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2021 жылдың 06 шілдедегі шешімімен «КАЗкурылыс Сервис» ЖШС-на (БСН:060140015636) оңалту рәсімін жүргізу бойынша азаматтық іс қозғалғанын хабарлайды.

Барлық талап-тілектер мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 үй.

Ішкі суларда, «өзен-теңізде» жүзетін және палубалы шағын көлемді кемелер иелерінің назарына

Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 6 шілдедегі №574 «Ішкі су көлігі туралы Заңының» 16-бабы 2-тармағына сәйкес, ішкі суларда, «өзен-теңізде» жүзетін және палубалы шағын көлемді кемелер сыныптауға, техникалық куәландыруға жатады.

Кемелердің техникалық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін «Қазақстан кеме қатынасының тіркелімі» РМҚК (Шығыс Қазақстан облысы, Семей қаласы, Б.Жамақаев к. 138, тел.: 8(7222) 563314, e.mail:registr2006@mail.ru) кеме иелерінің өтініштері негізінде куәландыруды жүзеге асырады.

Қызылорда облысы бойынша көліктік бақылау инспекциясы, тел: 29-00-15, e.mail: ktk.kzl@mail.ru

Кәсіпкерлік мақсат үшін жер алғыңыз келсе ...

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің нормаларына сәйкес кәсіпкерлік мақсатта жерді рәсімдеудің 2 жолы көрсетілген.

Бірінші жолы – ҚР Жер кодексінің 48-бабында көрсетілген ерекше жағдайларға сәйкес жер учаскесін сауда-саттықсыз (аукционсыз) алу (аталған жағдайда инвестициялық жобаларды іске асыру үшін). Ол үшін сіздің белгілі бір өндіріспен айналысу жөніндегі жобаңыз мемлекет тарапынан қолдау тауып, облыс әкімдігінің жанындағы Жобаларды индустрияландыру картасына және өңірлер кәсіпкерлігін қолдау карталарына енгізу жөніндегі өңірлік үйлестіру кеңесінен инвестициялық жоба ретінде танылуы қажет.

Жобаны инвестициялық жоба деп тану мәселесі бойынша облыстық индустриялық-инновациялық даму басқармасына тиісті өтінішпен жүгіну керек.

Жоғарыда аталған кеңес отырысында сіздің жобаңыз инвестициялық жоба ретінде мақұлданғаннан кейін қажетті жер учаскесін сұрап, ҚР Жер заңнамаларына сәйкес рәсімдеу жөнінде әкімдікке өтінім жолдайсыз. Осы өтінім негізінде тиісті жер учаскесін рәсімдеу жұмыстары жүргізіледі.

Екінші жолы – Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 31.03.2015 жылғы №290 бұйрығымен бекітілген Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларына сәйкес жер учаскесін сауда-саттық арқылы алу. Бұл жағдайда жер учаскесі орналасқан жердегі жергілікті атқарушы органға қызығушылық танытқан жер учаскесіне қатысты өтініш білдіріп, сауда-саттыққа қатысуыңыз қажет.

Сауда-саттық нәтижесімен жеңімпаз деп танылған жағдайда, жер учаскесін сол тұлғаға рәсімдеу бойынша шаралар атқарылатын болады.

Облыстық жер
қатынастары басқармасы

Облыстық ішкі саясат басқармасы және «Сыр медиа» ЖШС ұжымы «Қызылорда қоғамдық» телерадиокомпаниясының аға бейнеоператоры
Шалабаев Қанат Әбдрайымұлының
мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, телеарна ұжымына қайғырып көңіл айтады.

***

Облыстық фтизиопульмонология орталығының ұжымы ардагер-дәрігер, фтизио-педиатр
Мұхамедиярова Үміт Мұхамедиярқызының
қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

ЕРЛІК ДАҢҚЫ

«ЖАТ ЖЕРДЕ ОТАННЫҢ, АНАНЫҢ ҚАДІРІН ТҮСІНДІМ»

ҚАЗАҚСТАН ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ 30 ЖЫЛ

1993-1999 жылдар аралығында 2 мыңнан аса офицер-сарбаздар тәжік-ауған шебінде бітімгершілік міндеттерін атқарды. Солардың бірі – Мейірман Бейімбетов 9 ай бойы тәжік-ауған шебінде 300 рет мемлекеттік шекараны қорғауға шығып, ерлігі үшін көптеген марапатқа ие болған. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы аясында азамат атына, жауынгер міндетіне дақ түсірмеген ардагермен сұхбаттасқан едік. Бүгінгінің батырының перзент парызы, Отанға, елге құрмет турасындағы ойларын оқырман назарына ұсынамыз.

Sb Биболат СӘТЖАН, «Сыр бойы»

– 1996 жылы 16 мамырда Сарыөзектегі зениттік-ракеталық полкке түстік. Сарыөзек – үлкен гарнизон, қаншама полк бар. Командирі генерал Бақытжан Ертаев екен. Жоқшылық заман ғой. Жұрт «хб» деп атайтын кездеме матадан тігілген киім берді, шашымызды алды. Саптық жүріске үйретті. Осылай оншақты күн өткен соң саптық тексеру болды. Генерал Ертаев команда беріп жатыр. Дәрежелі кісі ғой, полк командирлерінің бәрі тік тұрады алдында. Байқағаным, әмірлі, өзгеше қуатты дауысы бар екен.

Екі мыңдай адам сапта тұрмыз. Бір кезде балалардың бірі «Көке!» деп айқайлады. Сөйтсек Мойынқұмнан, гарнизон командирінің ауылынан екен. Әкесінің атын айтып, өзін таныстырып жатыр. Сонда Бақытжан ағамыз «Өй, айналайын» деп құшақтап амандасып, маңдайынан сүйді. Қарапайымдылығы ғой, әйтпесе, кейін біліп жатырмыз, Ауған соғысында өте беделді кісі болған екен.

Сарөзектен арнайы жиын өткізіп, шығарып салды. Сонда гвардия подполковнигі Мұрат Мұхамеджанов сөз сөйледі. Ол кісінің «Жауынгерлерім, кезінде Бауыржан Момышұлы қандай ерлік көрсетіп еді? Сендер де екі ел арасын қорғауға бара жатырсыңдар, Қазақстанға ұят келтірмеңдер» дегені есімде қалыпты. Сол сөз үнемі ойымда жүрді. Үш «Камазбен» өзіміз, тағы біреуіне қаружарағымызды тиеп, «Жетіген» деген жердегі әскери базаға апарды. Ол жерден Луговойға, одан Душанбеге ұштық. Ол жақта ресейлік база күтіп алды.

Жат жерден алған алғашқы әсерім – қорыққаным. Тауларының өзі біздікінен бөлек екен. Әскерилерінің киім киісі де мүлде басқа. Аяқта кроссовка, бастарына орамал тартып алған. Үйлері ескі, терезелері жоқ. Әйелдері пәрәнжі жамылған. Ерлері етегі тізеден төмен көйлек киіп, сәлде тағынған. Шекарашыларының киімдері де сондай.

Біз барған жер – Тәжікстанның Таулы Бадахшан облысы Калай Хумб ауданындағы Джабай деген пост. Бір жыл бұрын, яғни 1995 жылы Пшихарв шатқалында 17 сарбазымыз қаза тапқан қанды қақтығыс болған аймақ. Ауған жағынан Пянджы өзені өтеді. Постқа орналасқаннан он күннен соң атыс болды. Талибандар Ауған жерін басып алып, тәжіктерге өткелі жатыр. Біз шекарадамыз.

Сонда оқтың өзінің бір құдіреті бар екенін аңғардым. Соғыс туралы фильмдерде уралап жауған оққа қарсы жүгіреді емес пе? Өмірде ондай болмайды екен. Өзгеше бір дауыспен ысқырып ұшады. Төбеңнен 3 метр биікте ұша ма, 10 сантиметрден жанап өте ме, бәрібір, адам жерге жабысып қалады. Құдды бір магнит сияқты.

Шекарадан өтпек болатындар көп. Арнайы тіркеу-бақылау пунктінде тұрамыз. Төлқұжат бойынша тексеріп, құжаты болмаса, ресейліктерге хабар береміз. Олар келіп, әрі қарай шара қабылдайды. Бірде пунктке «Урал» жүк көлігі келді. Автобус жоқ, жергілікті халық ауыл, аудан арасына сондай көлікпен қатынайды екен. Өздерін тәжіктерміз дейді. Бірақ киім киісі арғы беттің адамдары сияқты. Көліктің кузовында табытты ортаға алған бір топ адам отыр. Ашып көріп, мәйіттен шошып кеттік. Дереу сарбаздарға кері шегінуге бұйрық бердім де, көлікті өткізіп жібердім. Сосын ресейліктерге хабар жібердім.

Кейін белгілі болғаны, шекарадан өтпек болған содырлар екен. Сол жерде біз тексереміз десек, олар атысуға дайын тұр. Артынан ізін суытпай ұстады.

Пянджы – Әмударияның басы. Асау, ағысы қатты өзен. Арғы жағадағы адаммен айқайлап сөйлесесің. Бергі жағы – тәжік жері. Біз келгенге дейін содырлар малын, отынына дейін тартып алып кеткен. Мина алқабын қойып, ескерту іліп тастадық. Сағат оннан кейін шекарада ешкім жүрмеуі керек.

Түнде көру құрылғысы деген болады. Сол арқылы шекарада тұрып түнде өзеннің арғы бетінде торуылдап жүрген содырлардың түрін алғаш көріп шошығаным бар. «Осылар біздің елге келді, оққа ұшқан адамдарды көрдім. Ұрыста әркімнің белгіленген позициясы болады. Бір жерден оқ атып, аунап түсіп, екінші жерден оқ жаудырасың. Бірнеше елден келген жас жігіттерміз, арамызда түрлі ұлт өкілдері бар. Сонда қазақ жігіттеріне айрықша риза болдым. Шынында, қанымыз бөлек шығар. Басқа ұлт өкілдерінің арасында жылаған, жасықтығын көрсеткендер болды. Қарсы шабуылға бұйрық бергенде көбі окоптан бас көтере алмады. Қазақтың балалары тұра ұмтылатын. Ысқырып ұшқан оқтың даусына да уақыт өте етіміз үйреніп кетті. Кейін ойласам, 18-20 жастамыз, оқ тиеді-ау, бір жарықшақ көзімді ойып кетеді-ау деген қорқыныш қаперімізге де кірмепті.

Оқуда, әскерде облысқа бөлінетінбіз. Ол жақта бәріміз бір болдық. Еліміздің барған басқа ұлт өкілдерін де бауырымызға тарттық. Күрестен, бокстан жарыстар өткізіп тұратын. Әскерге дейін еркін күреске қатысқаным бар. Қолкүрестен Тәжікстан мен Қырғызстан чемпиондарын жеңдім. Қармақшыдан Болат Батаев деген жігіт болды. Бір қасиеті – ұрғанын сындыратын. Тәжіктермен жұдырықтасып, талай жарыста жеңіп шықты. Қызылорданың өзінен Жарылқап Дүйсен деген жігіт болды. Ол да – нағыз батыр жігіт. Қазір екеуімен де жақын араласып тұрамыз. Елге келіп, қызмет жасауда. Айтайын дегенім, жастар спортқа қатысқаны дұрыс. Рухы мықты, дені сау болады. Кейін әйтеуір бір жемісін көреді.

Тағы бір түйгенім, туған жердің шын қадірін адам сыртқа барғанда ғана білетін сияқты. 1997 жылы болған бір жағдайды айтып бersем. Калай Хумб ауданының Рузвай деген қышлағына бірнеше қазақ жігіті қонаққа бардық. Тәжік қышлағының қазақ ауылынан айырмашылығы көп екен. Бізде жұрт қора-шарбағын мал кірмесін деп қоршайды ғой. Бұлар биіктігі үймен бірдей дуал соғып, қоршап алады екен. Әр үй бір қамал сияқты. Бір-бірімен араласпайды. Соқаны сиырға жегіп жер жыртқанды да сонда көрдім. Егін жинауға көмектестік. Халқы бар тірлігін есекке артады. Міниіс көлігі де сол. Есекке теңдеп топырақ артып, таудан жібереді де, соның жүрген ізімен су апарады. Есек тепе-теңдік сақтайды екен де, ізімен су жүргізсе тасып кетпейді. Әйелдері бетін тұмшалап алған, қол ұшы ғана көрінеді. Дастархан басына да жоламайды. Содан бір тәжіктің үйінде әңгіме айтып, гитарамен ән салып таң білінгенше отырдық. Постымызға қайтуға жиналып, сыртқа шықсақ, қарамақарсы үйлердің бірінен қыз бала дуалдың есігін ашып:

– Бауырларым, – деді қазақша.

Бәріміз елең еттік. Оларда қыз бала ешқашан үйінің сыртқы есігін ашпайды. Оған қоса, таза қазақша сөйлеп тұр. Барып жөн сұрассақ, өзіміздің Шымкенттің қызы. Таулы жер, қазақша ән салғанымызды естіп, әбден жылаған екен. Өзі біз отырған жерге келейін десе, жергілікті салтқа қайшы. Сыртқа шыққанымызды күтіпті.

Қазақ қызы Алматыда мединститутта оқып жүріп тәжік жігітіне тұрмысқа шығып, күйеуінің туған жеріне барғанда соғыс басталып кеткен. Екі-үш баласы бар, күйеуі соғыста қаза тапқан. Үйлері өртеніп, құжатсыз қалыпты.

– Қолымда кәрі ата-енем ғана бар, олар өлсе далада қаламын ба деп уайымдаймын. Елге сәлем айтыңдар, – деп туыстарының мекен-жайын берді.

Кейінгі тағдыры не болғанын білмеймін, бірақ орыс офицерлеріне тапсырып кеткенмін.

Халқымыз қасиеттінің бәрін анаға телиді ғой. Мысалы, Жер-Ана, Отан-Ана деген сияқты. Сонда түсінгенім, олай айтатыны тегін емес екен. Көз алдымда бір орыс баланың ішіне оқ тиді. «Мама, мамочка» деп шыңғырды. Өзіміздің Қармақшы ауданынан барған қазақ жігітке оқ тиді. «Апа, апоу» деп жанұшыра айқайлады. Сонда маған ой келді: «Неге әке немесе аға демейді? Адам шын қиналғанда алдымен анасын айтады екен». Оқ тиген бала: «Апау, мені атты ғой» деп жылап жатты. Көзі айналып кеткен. Жандәрмен ішін ашып, жарақатын қарап жатырмыз. Кіндіктен жоғары үш жерде оймақтай үш тесік тұр. Арқасына аударсам, опырып жіберіпті. Еті әппақ, қан да бірден сау ете қалмайды екен.

Ештеңенің мәнісін білмейтін жас бала болсам да, осындай бір ойлар мазалаған еді. Содан отырып анама хат жаздым. «Анашым, ренжіткен жерім болса, кешіріңізші» деп. Өліп кетсем өкініш қалмасын, жазып кетейін деп ойладым.

Айтайын дегенім, осы тәжік-ауған шекарасында болған уақыт менің ең бірінші анаға, Отанға деген құрметімді арттырды. Анам 1941 жылы туған, көп жыл сауда-саттық саласында еңбек етіп, 50 жасында зейнетке шықты. Ес білгелі «балам, балам» деп өбектеумен келеді ғой. Бала кезде, ауыл тіршілігі тым қарабайыр, қазіргідей жағдай жоқ. Анам қолыма өзі су құятын. Әуелі өзінің қолына құйып, ыстық-суығын көріп алатын. Сондай сәттер көз алдыма келіп, перзент парызын ойлап, өліп кетсем анама жақсылық істей алмаймын-ау деген ой мазалады. Отанға, әрбір қазаққа деген құрметім де артты.

Өйткені ол жақта күнде оқ атылады. Душанбенің өзінде жағдай сондай. Шекарада арғы жақтан атқан мерген оғынан бір офицерге оқ тигенін көрдім. Бір сөзбен, көшеге шығып, еркін жүре алмайсың. Сол жылдарды еліміз үшін үлкен ауыртпалық кезең дейміз ғой. Бірақ тәжік халқының көргенін көргеніміз жоқ. Жоқшылық бізде де болды. Бірақ оларда жейтін тамақ та, тыныштық та жоқ еді. Сол кездегі ел басқарған ағаларымыздың, Елбасының көреген саясатының арқасы шығар, елімізде ауызбіршілік бар, қанша жоқшылық болса да, басқа елге көмек бердік.

Тәжікстаннан елге қайтарда ресейлік офицерлер қимай қоштасып, шығарып салды. Біздің рота сол жерде тәртіп жағынан алдыңғы қатарда болды. Қаншама шабуылға тойтарыс берді. Осы уақытқа дейін халқымыз қаншама қырғыннан өтті. Жерімізде қаншама батыр, әулие, ишан, ғұлама бабаларымыздың бейіті жатыр. Тәуелсіз ел болғанымыз солардың салған жолы, сіңірген еңбегі шығар. Шүкір, бүгінде әлем танитын деңгейге жеттік. Сонда жат жерде жүріп көргенім, қазақ екенімізді естісе, барлығы бөлекше құрмет көрсететін. Соның бәрі бабаларымыздың батырлығы, сесі шығар деген ой келді. Сол бабалар секілді әрбіріміз қазақтың атын шығаруға, еңбек сіңіруге тырыссақ, ең болмаса, кір келтірмей жүрсек екен...

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

Арал ауданы Жаңақұрылыс елді мекеніндегі №74 қазақ орта мектебі жыл басынан бері дәстүрлі оқуға көшкен еді. Білім ошағы шәкірттерге сапалы білім мен тәрбие беріп қана қоймай, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман болып қалыптасуына қызмет етіп келеді.

Ауылымыздың алтын қыздары

Ұстаздардың, ата-аналардың күнделікті қадағалауы арқасында балалардың болашағына жол ашылады, орта қалыптасады. Мектеп түлектері жыл сайын «Алтын белгіге» ие болып, оны қорғап, ауылдың мерейін өсіріп жүр. Аралдан 170 шақырым шалғайда орналасқан Жаңақұрылыс ауылындағы №74 мектептің биылғы түлектерінің қуанышын жаңалықтың жаршысы «Сыр бойы» газеті арқылы көпке жеткізуді жөн көрдім.

Мектеп ұстаздары оқушыларды ҰБТ-ға дайындауда көп еңбек сіңірді. Оқушылар қуанса қуанып, ренжісе дем беріп, жоғары жетістіктерге жеткізіп жүрген мектептің бейіндік оқыту жөніндегі орынбасарының ерекше еңбегін ұжымдастары, халық жоғары бағалайды.

Әрине, бұрын да айтып, жазып жүрмін. Екіқабатты жаңа мектептің іргетасы қаланғанда, 2015 жылы мектептің ашылу салтанатында ел ағалары «жыл сайын мектеп бітірген балаларыңыз омырауларына алтын тағып, еліміздің тұлғалы азаматтары болсын» деп батасын берген. Сол бата қабыл болып, жетістік жыл сайын еселеніп келеді.

Биыл мектеп бітірген 13 баланың 3-уі «Алтын белгі» тағып, ауылымызды бір көтеріп тастады. Олар – Әсем Сердалиева, Фарида Ғарифуллақызы, Ақмарал Қожагелдиева. Жаңартылған бағдарлама бойынша балалар өз бетінше курстарға қатысып, ізденді. Уақытпен санаспай дайындалды. Алдына мақсат қоя білді. Соған жету үшін жанжақты оқып, іздену керегін түсінді. Енді бірі дәрігер, бірі ұстаз болып, өмір жолында таңдаған мамандықтарының үздігі атанбаққа бекініп отыр. Мектеп бітіруші түлектерге «Келешектерің келісті, еңбектерің жемісті болсын!» деп батамызды береміз. Абай айтқандай, дүниенің кетігіне кірпіш болып қаланыңдар, алға қойған мақсаттарыңа жете беріңдер!

Сердалы ШАЛБАЕВ,
Жаңақұрылыс ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы.
Арал ауданы

ФУТБОЛ: ЕУРОПА ЧЕМПИОНАТЫ

Доп додасы мәреге жақындады

Ертең, 11 шілдеде футболдан Еуропа чемпионатының финалы болады. Онда Италия және Англия құрамалары шеберлік байқасады.

Еске салсақ, біз бұдан бұрын 6 шілдеде Италия Испанияны жеңіп, финалға жолдама алғанын хабарлаған едік. 7 шілдеде тағы бір кездесуде Англия Данияны тізе бүктіріп, ақтық сынға жолдама алды.

Айта кетерлігі, бұған дейін Англия мен Дания өзара 22 кездесуін өткізген.

Айта кетерлігі, бұған дейін ағылшындар 1968, 1996 жылдары құрлықтық доданың жартылай финалында ойын көрсетті. Екеуінде де қарсыластарына есе жіберіп, қола жүлдені қанағат тұтқан еді. Әлі күнге дейін Еуропа чемпионы атағына қол жеткізе алмай жүр.

Англия құрамасы алдымен өз қақпасына гол жіберіп алды. Даниялық Миккель Дамсгор 30-минутта мергендік танытты. Ал 39-минутта даниялық Симон Кьер өзінің қақпасына гол соғып, таразы басы теңесті.

Негізгі кезеңде 1:1 есебі тіркеліп, ойын овертаймға ұласты. Овертаймның 104-минутында Гарри Кейн өзінің құрамасына жеңіс сыйлады. Осылайша Англия өзінің тарихында тұңғыш рет құрлықтық доданың финалына шықты. Сол кеткен есені қайтарып, өзінің тарихында тұңғыш рет финалға жолдама алып отыр.

Англияның ақтық сындағы қарсыласы Италия да осал емес. Аталған құрама төрт мәрте жартылай финалға шыққан. Нәтижесінде 1968 жылы чемпион атанса, 1988 жылы «қолаға» қол созды. Ал 2000, 2012 жылдары күміс жүлдегер атанды.

Финал Англия астанасы Лондон қаласындағы «Уэмбли» стадионында өткізіледі.

Құрлықтық дода биыл он алтыншы мәрте өткізіліп отыр. Ол 1960 жылы алғаш рет жалауын көтерген болатын. Негізінде доп додасын өткізу 2020 жылғы 12 маусым мен 12 шілде аралығына жоспарланған еді. Коронавирус жағдайына байланысты ол бір жылға кейін шегерілді. Ойындар дүбірлі дода тарихында тұңғыш рет Еуропаның 10 мемлекетінде орналасқан 11 стадионда болды. Бұл чемпионаттың 60 жылдық мерейтойына орай ұйымдастырылған.

«СБ» ақпарат

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)
«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша
8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 25749 | Тапсырыс №954 | Кезекші редактор Айсәуле ҚАРАПАЕВА